

К.М. Байпақов
Е.А. Смағұлов
Ғ.А. Ахатов

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ
Жайық
ҚАЛА ЖҰРТЫ

Средневековое
городище Жайык

The Medieval
Jaiyk Site



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ә.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
«МӘДЕНИ МҰРА:
АРХЕОЛОГИЯ ЕСКЕРТКІШТЕРІ»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

К.М. Байпақов
Е.А. Смағұлов
Ғ.А. Ахатов

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ
Жайық
ҚАЛА ЖҰРТЫ

Қазақстан Республикасы, Ұлттық Ғылым академиясының
А.Х.Марғұлан атындағы археология институты

«Credo»
баспасы
Алматы ● 2005

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ ИМ. А.Х. МАРГУЛАНА**

**ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПРОГРАММА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
«КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ:
ПАМЯТНИКИ АРХЕОЛОГИИ»**

**К.М. Байпаков
Е.А. Смагулов
Г.А. Ахатов**

**СРЕДНЕВЕКОВОЕ
ГОРОДИЩЕ
Жайык**

Алматы ● 2005

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
INSTITUTE OF ARCHAEOLOGY NAMED AFTER A.KH. MARGULAN

THE STATE PROGRAM
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
«CULTURAL HERITAGE:
ARCHAEOLOGICAL MONUMENTS»

K.M. Baipakov
E.A. Smagulov
G.A. Akhatov

THE MEDIEVAL
Jaiyk
SITE

Қазақстан Республикасы, Ұлттық Ғылым академиясының
А.Х.Марғұлан атындағы археология институты

Almaty ● 2005

Отдел археологии ИИАЭ
АРХИВ
Инв. № 2571

ББК 63.4

Б 20

Баспаға ҚР БҒМ Ө.Х. Марғұлан ат. Археология институтының ғылыми Кеңесі ұсынған

Жалпы редакциясын басқарған

И.Н. ТАСМАҒАМБЕТОВ

Жауапты редактор

тарих ғылымының докторы **С.Ж. Жолдасбаев**

Рецензенттер:

т.ғ.к. **Д. Талеев**, т.ғ.к. **Б.А. Байтанаев**

Б 20

Байпақов К.М., Смағұлов Е.А., Ахатов Ф.А.

Ортағасырлық Жайық қала жұрты. – Алматы: «Credo», 2005. – 221 б., 32 қосарбет. Қазақ, орыс және ағылш. тілдерінде.

ISBN 9965–9568–7–1

Басылымда Батыс Қазақстан облысының Орал қаласына жақын орналасқан ортағасырлық Жайық қалашығын археологиялық зерттеу барысында жинақталған материалдар жарияланған. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде Батыс Қазақстанның ортағасырлық қала мәдениеті туралы жаңа материалдар алынды. Кітапта өндірістік және қауымдық құрылыстарға, қала тұрғын-жайларына сипаттама берілген. Қалашықтан табылған зират кешеніндегі екі кесененің архитектуралық құрылысына, керамикалық материалдарына талдау жасалып, бай материал жиналды.

Түрлі-түсті суреттермен, жоба мен сызбалармен жабдықталған кітап қазақ, орыс, ағылшын тілінде жариялануда.

Археологтарға, тарихшыларға Қазақстанның ортағасырлық қызығушыларға арналған.

В издании публикуются материалы археологических исследований на средневековом городище Жайык, расположенном вблизи г. Уральск Западно-Казахстанской области. В результате археологических работ получены новые материалы по средневековой городской культуре Западного Казахстана. В публикации даны характеристики по городскому жилищу, сооружениям общественного и производственного характера. Богатый материал получен на некрополе городища, введены материалы по двум мавзолеям, дан анализ архитектуре мемориальных сооружений, керамическому материалу.

Книга публикуется на трех языках: каз., русс., англ., снабжена цветными фотографиями, планами и чертежами.

Адресована археологам, историкам и всем интересующимся средневековой историей Республики Казахстан.

The materials of archaeological researches on the medieval site Jaiyk near Uralsk town, West Kazakhstan region are published. The new materials on the medieval culture of the West Kazakhstan have been received in the result of archaeological works. Characteristics of town dwelling, public and production constructions are given in publication. Rich material has been received on the site necropolis; materials on two mausoleums are introduced; the analysis of the memorial construction architecture, ceramic material is given.

The book is published in three languages: Kasakh, Russian, English and is provided by color photos, plans and drafts.

The book is addressed to everybody interested in the medieval history of the Republic of Kazakhstan.

Б 0504000000
00(05)–05

ББК 63.4

ISBN 9965–9568–7–1

© Байпақов К.М., Смағұлов Е.А., Ахатов Ф.А., 2005

© «Credo», безендірілуі, 2005

© Ошанов О.Ж., Сейфулина Л.Ш., аудармасы, 2005

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясында
А.Х.Марғұлан атындағы археология институты

КІРІСПЕ

Мәдени мұраның әр алуандығы және байлығы қоғамның негізгі белгілерінің бірі, ұлттық және мемлекеттік сана-сезімнің интеграциялық компоненті болып келеді.

Ғылыми-техникалық революция және электрондық ақпарат құралдарының заманында, яғни жекелеген адамдар немесе тұтас халықтардың тұлғалық қабілетін жоюға, жаһандық стандарттауға алып келетін жаңа бұқаралық стереотиптер бекітіліп жатқанда мәдени мұраның маңыздылығы арта түспек.

Ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени дәстүрлер жоғалуда, соның ішінде мінез-құлықтық және адамгершілік қасиеттер де бар. Сондықтан мәдени мұраның үлкен бір бөлшегі болып табылатын мәдени ортаны сақтау, қоршаған ортаны сақтаудан кем түспейтініне ден қою керек.

Мәдени мұраның заттық бөлігі халықтың заттық-қолданыстық ескерткіштеріне арналған. Бұл бөліктің негізгі құрамын «сәулетшілік және археологиялық мәдени мұра» құрайды.

Қазақстанның мәдени мұрасын зерттеу кезеңінің маңызды оқиғасы – 2003 ж. еліміздің Президентінің халыққа Жолдауы еді. Онда еліміздің кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі мәдени мұраны зерттеу мен сақтау болды.

Мәдени мұра бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Кеңесінің 3-ші отырысында Н.Ә. Назарбаев былай деді: «Бүгінде мемлекет мәдениетті дамыту мәселелерінің бұдан бұрынғы «қалдықтық» тәжірибесінен біржолата қол үзуге мүмкіндік алды. Және де бұл мүмкіндігімізді барынша іске асыруымыз қажет». Президенттің Жарлығы бойынша 2004–2006 жж. тарихи-мәдени мұраны зерттеу, сақтау және қолдануда үлкен жетістіктерге қол жеткізуге тиіс, «Мәдени мұра» бағдарламасының орындалу уақыты болып белгіленді. Бұл, көптеген жылдарға созылатын үздіксіз жұмыстың тек бастамасы ғана екені айдан анық.

Бағдарлама бойынша зерттеуге ұсынылып отырған археологиялық және сәулет өнері нысандары, сонымен қатар ауқымды қазба жұмыстары олардың маңыздылығына сай іріктеліп алынды. Бұлар маңызды тарихи-мәдени ауыртпалықты алып жүруші және халықтың генетикалық мұрасы үшін керекті, сонымен қатар бүкіләлемдік мәдени мұраның тізіміне үміткер ретінде кірген бірегей ескерткіштер.

Бағдарлама бойынша жұмыстар кешенді түрде жүргізілуде. Қазба жұмыстарының ізінше жобаларды дайындау, одан кейін қазылған нысандарды консервациялау және қалпына келтіру, оларды мұражайлау шаралары іске асырылуда.

Мұражайландырылған ескерткіштер мемлекеттік және халықаралық туризмдік бағыттар жүйесіне енгізілу керек және енгізілу үстінде. Енгендері туризмдік инфрақұрылымды дамытудың өзіндік түйіндеріне айналуға.

Дәл осы мақсатта ғылыми қазбалар мен зерттеулер жүргізілуде; жинақталған материалдар талданып, ескерткіштердің консервациясы мен мұражайлануы бойынша бағдарламалар мен ұсыныстар құрастырылуда.

Археологиялық зерттеулер үшін таңдалған ескерткіштердің арасында (одан арғы консервациясы мен мұражайлануымен қоса) Батыс Қазақстандағы Орал өзені бойындағы Жайық қаласы да бар.

Бұл басылым Жайық қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының қорытындысын жан-жақты түйіндеуге арналған. Алынған мәліметтер мен бақылаулар қаланың бұл жерде ұзақ өмір сүрмегенін, яғни XIV ғ. бойында тіршілік құрғанын көрсетеді. 2001–2004 жж. Алтын Орда дәуіріндегі бұл аймақтың үй құрылыстары дәстүрінен кең көлемді деректер беретін төрт бірдей қоныс-жайларда қазба жұмыстары жүргізілді. Аршылған нысандардың барлығы бір қабатты. Бұның өзі олардың ұзақ өмір сүрмегенінің дәлелі. Тек бір қоныс-жайда ғана екінші құрылыс кезеңі аңғарылады. Оның барысында үйдің алғашқы жобасы біршама өзгеріске ұшыраған. Қаланың тұрғындары мекендерін бейбіт жағдайда тастап кеткен деп жорамалдауға болады. Зерттеу жұмысының өн бойында өрттің немесе әдейі қиратылған іздер байқалмады. (Яғни себебін қандай да бір шапқыншылықтың немесе жаулап алушылықтың әсерінен болған әлеуметтік катастрофамен байланыстыруға болады.) Қалада тұрғын үйлермен қатар өндірістік және қоғамдық маңыздағы құрылыстар ұшырасады. Қаланың шеберлер ауданында кірпіш күйдіретін пеш табылды және зерттелінді. Жерасты жүйесі арқылы жылытылатын шығыс моншасының қалдығы аршылды.

Келбетін полихромдық шыңылтырмен көмкерілген күмбезді мазарлар сипаттайтын қаланың қорымы жақын маңдағы Свистун-гораның төбесінде орналасқан. Мұнда екі камералы мемориалдық құрылыстардың қалдықтары тазаланды. Олардың фасадтары мен интерьерлері сол кезеңнің мәнеріне байланысты ақ-көгілдір-жасыл түстегі шыңартырланған тақташалармен қапталған. Тұрғындары тастап кеткен бұл қала біртіндеп қалашыққа айналып, ал XVII–XVIII ғғ. оның күйдірілген кірпіштен тұрғызылған құрылыстары жақын маңда бой көтере бастаған Яицк қаласының құрылыстары үшін бұзыла бастады.

Қаланы зерттеудегі далалық жұмысқа келесі зерттеушілер қатысты: А. Ержігітова, Р. Шербиев, Б. Гребенников, А. Бермағанбетов, Д. Лобас (Алматы қ.); Б. Райымқұлов, Т. Жүсіпқалиев, Р. Мерғалиев (Орал қ.); Л.Л. Галкин (Москва қ.); М. Трусков, Е. Ефимова (Кемерово қ.). Қазба жұмыстарын белгілеп, сызып, суретке түсіруде көмектескендер: фотографтар О. Белялов, О. Кузнецова, архитектор Т. Доцанова, археолог Д. Воякин. Қазба жұмыстарына лаборант-жерқазушылар ретінде М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері мен қалаға жақын орналасқан Круглоозерный ауылының тұрғындары атсалысты. Облыс территориясында далалық жұмыс барысында Орал кешенді археологиялық экспедициясы үнемі Батыс Қазақстан облыстық әкімшілігі, облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, Тарих және археология орталығы тарапынан жылы ықыласқа бөленді. Бізге көмек көрсетіп, жағдай тудырған барлық әріптестерімізге және бүкіл оралдықтарға алғысымызды білдіреміз.

Өңірдің табиғи-жағрапиялық сипаттамасы. Оңтүстік Орал тауларының етегін ала, дала мен шөлді дала арқылы Орал өзені Каспийге келіп құяды.

Жайық өзенінің аты жалпытүркілік негізге ие болып, «өзеннің кең аңғары» немесе «кең жайылатын» деген мағынаны білдіреді. Өзен осы атымен XVIII ғ. екінші жартысына дейін сақталды. 1775 ж. императрица Екатерина II Емельян Пугачев басқарған шаруалар көтерілісін халықтың жадынан жою мақсатында: «Жайықта (Яик) болған қайғылы оқиғаны мүлдем ұмыту үшін Жайық (Яик) өзенінің аты Орал (Урал) деп, Жайық (Яицк) қаласы Уральск деп өзгертілсін» деп бұйрық береді. Оралдың атының мағынасы жөнінде әртүрлі көзқарастар бар. Сірә, «Орал» сөзін Оңтүстік Оралдың ескі атауы – Аралтова (Оралтова) тауымен байланыстыру керек сияқты. «Арал» термині жалпытүркілік топонимге тіреліп, «арал» және «қос өзен аралығы» деген мағынаны білдіреді¹. Бұл жерде, Орал таулары мен өзені арқылы Еуропа мен Азияның шекарасы өтетіні де маңызды нәрсе. Жаңа шекарасы ғалымдардың шешімімен Орал тауларының етегі, Мұғалжар және Жем өзені арқылы өтіп, дәл осы сызық бойынша Еуропа мен Азияның құрлықтық платформалары түйіседі. Өзеннің бірде жарлы, бірде еңісті келетін жағалауы бойында теректі ормандар, самырсын және тал ағаштары бой көтерген. Олардың арасында күн шуақты жиделі ашық алқаптар орналасқан. Ойпаттар, жарлар және аңғарлар қараған тұқымдас түптерге толы болып келеді. Өзен жазығында балыққа бай көптеген көлдер бар.

Өзеннің атырабын бұландар, еліктер, қабандар мекендеп, құндыздар, қара күзендер және су тышқандары осында өздерін еркін сезінеді. Құтандар, аққулар, қаздар, үйректер, бірқазандар және суқұзғындары ұя салады. Өзенді қарақұстар, лашындар, ителгілер «торлайды».

Орал өзенінің Оңтүстік Орал және Каспий маңайының далалы және шөл далаларымен өтетін жолы Ириклыдан басталады. Басында тау жоталарын кесе отырып, Орал тау өзенінің түріне ие болады. Новотроицк қаласында өзен Орскі қақпасы деп аталатын тар шатқалмен ағады. Елек сағасынан төмен Орал Қазақстан мен Ресейдің арасындағы шекара ретінде қызмет етеді. Иртекке қосылғаннан кейін, Орал Қазақстан аумағымен толық ағады. Орал қаласында өзен шұғыл доғамен оңтүстікке, Каспийге бағыт алады. Бүкіл жол бойында – Оралдан Каспийге дейін – Орал жетілген жалпақ жазықпен ағады. Өзінің ұзындығы жағынан (2428 км) Орал – Еуропадағы үшінші өзен, тек Волгаға және Дунайға ғана жол береді.

Батыс Қазақстан климаты – қатаң континенталды, сипаты жағынан үлкен қуаңшылық пен температуралардың төмендеп кетуімен ерекшеленеді: жазы ыстық және құрғақ, ал қысы қатал, жиі қарлы боранды болып келеді. Күзі құрғақ және салыстырмалы жылы. Бірінші қыраулар қыркүйекте басталады, температураның төмендеуі қарқынды болады. Қыста қар аз ғана мөлшерде жауады. Тек солтүстікте ғана – Орал ауданында – қар жамылғысы 30 см-ге жетеді, ал қалған аумақта ол 15–20 см шамадан аспайды, малды қысқы жайылымда ұстауға қолайлы болады.

Орал өзені сумен жабдықтаудың ірі көзі ретінде қызмет етеді, бөлек орындарда жер суландыру үшін қолданылады. Өзенді алқаптардың, әсіресе қою жер оттылығы мен шабындықтарға бай Өзен, Чижин және Дюрин құйылымдары жақсы шабындық және жайылымдар ретінде қызмет етеді.

¹Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата, 1974. 89, 234-б.

Батыс Қазақстанда үлкен және кіші көлдер мыңдап саналады, олар өзен сулары сияқты халықты сумен жабдықтаудың және мал шаруашылығының қайнарлары ретінде, сонымен қатар жер суландыру үшін үлкен маңызға ие.

Аймақта солтүстіктен оңтүстікке бірнеше табиғи-климаттық зоналар алмасады. Салыстырмалы түрде солтүстіктегі кішігірім территорияны далалы аймақ құрайды. Солтүстік аудандар арқылы (үстірт маңындағы төбешіктерді де қамти отырып) кең алқаппен 50–120 км қарақызғылт топырақты, жусанды құрғақ далалардың ішкі зонасы созылады. Орал қаласы арқылы далалардың оңтүстік шекарасы өтеді, Мұғалжарды солтүстігінен айналып шығып және онан әрі шығыста Торғай ойпатының солтүстік бөлігін қосып алады. Оңтүстік қара топырақты және қара-қызғылт топырақты зона – өңірдің анағұрлым жыртылған бөлігі. Егін шаруашылығы жауын-шашыны мол болғандықтан суаруға зәру емес. Жыртылмаған далалар жазда және жыл бойы жылқының, сиырдың, қой мен ешкі түліктерінің жайылымдары ретінде қолданылады.

Құрғақ даланың оңтүстігінде біркелкі жусанды-дақылды өсімдіктерден тұратын жартылай шөл далалар созылады. Бұл аймақ Заволжье, жалпы Сырт далалары мен Каспий маңайы шөл далаларының арасындағы аралық жағдайға ие болады².

Далалы Орал өңірі ескерткіштерінің тарихының зерттелуі және жазба деректер. Батыс Қазақстан жерлері туралы ең көне мәліметті «тарих атасы» атанған Геродоттан табуға болады. Б.з.д. V ғ. жазылған оның «Тарихында» Каспий теңізі туралы ұшырасатын мәліметте, оның айтуынша, одан әрі «жазық ұшы қиырсыз кеңістік», ал тағы онан әрі «тастақ және шоқалақ жер», одан кейін «биік, асу бермес таулар орналасқан»³. Бұл суреттеуден, артқы жағында «биік» Орал таулары тұрған, «тастақты және шоқалақ» Жалпы Сырт пен Оралдың алдыңғы жағына ұласатын Каспий маңайының жазықты далаларын оңай аңғаруға болады. Белгілі араб саяхатшысы және жазушысы Ибн-Фадланның қалдырған жазбалары қызықты болып табылады. Ол 921–922 жж. Халифтың елшісі ретінде Орал өзенін бойлай жүріп Еділдік Бұлғарияда болды⁴.

Екінші мыңжылдықтың басында араб елдері және Орал мен Еділ қос өзені халықтары арасындағы байланыс тұрақтанады. Шығыс географтарының бұл алыс өлке туралы мәліметтері жақсы деңгейде болды. 1154 ж. араб географы әл-Идриси Руза өзенін суреттеп, асылы Жайықпен теңестірді, бірақ Руза туралы басқа пікірлер де бар. Ол бойынша Жайықпен Даранда өзені салыстырылады⁵.

Жайық өзенін ортағасырлық батыс еуропалық көпестер, миссионерлер, елшілер талай рет кесіп өткен және оны өздерінің күнделік жол жазбаларында белгілеп қойған. Ортағасырлық Сарайшық қаласы ауданына Жайық арқылы: басында Рим Папасы Иннокентий IV елшісі

²Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. Киргизский край. Т. XVIII. Спб., 1903. 175–222-б.

³Геродот. История. М., 1999. 89–94, 705-б.

⁴Ковалевский А.П. Книга Ахмеда Ибн-Фадлана и его путешествие на Волгу в 921–922 гг. Харьков, 1956. 9–37-б.

⁵Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX–XIII вв. Ашхабад, 1969. 6-б.

Джовани Пано Карпини (1249 ж.), ал сәл кешірек француз королі Людовик IX елшісі Гильом де Рубрук (1253 ж.) өтті⁶.

Жайық арқылы Қырымнан және онан өрі шығысқа өтетін жол туралы Франческо Бальдучи Пегалотти «Сауда тәжірибесі» атты шығармасында жазады. Тан өзенінен Сарайшыққа баратын жолдың ерекшелігін, өтетін тауарлар және жергілікті тұрғындармен саудаласуға ыңғайлы ақшалар жөнінде де суреттей кетеді⁷.

1333 ж. өзенді марокколық белгілі араб саяхатшысы, ел кезуші көпесі Ибн-Баттута кесіп өткен⁸.

Бірақ Орал аймағы туралы жалпы мәліметтер мардымсыз. Оңтүстік Орал далаларын және Орал маңайын қарқынды тарихи зерттеу тек XVI ғ. соңында басталды.

Далалы Орал маңайы ескерткіштерінің зерттелу тарихы. Батыс Қазақстанның ертедегі және ортағасырлық тарихы, жазбаша деректердің жеткіліксіздігі нәтижесінде, бүгінгі күні негізінен археологияның мәліметтеріне сүйене алады.

Орал облысы ескерткіштері туралы ең ерте мәліметтер П.И. Рычковтың 1762 ж. жарияланған «Орынбор губерниясының топографиясы» шығармасында жарық көрген болатын⁹. П.И. Рычковтың еңбегі шыққаннан соң сегіз жылдан кейін Кіші және Орта жүздің жерлеріндегі ескерткіштер жөнінде Ресей (патшалық) Ғылым академиясының академигі П.С. Палластың еңбектерінде ұшырасады¹⁰. Өлкенің заттық мәдениет ескерткіштері жөніндегі келесі мәлімдемелер XIX ғ. пайда болады. «Ішкі қырғыз ордасы», яғни Бөкейлік басқармасының Орынбор кадет корпусын аяқтағаннан кейін, Салық Бабажанов өз зерттеулерін бастайды¹¹.

XIX ғ. 80-ші жж. соңында Орынборда Ғалымдық архивтік комиссияның негізі қаланып, ол 1917 жылға дейін бүгінгі Батыс Қазақстан аумақтарында өлкетанулық жұмыстардың бәріне басшылық еткен болатын.

1889 ж. этнограф А. Харузин ортағасырлық 22 обаны қазуды ұйымдастырып, қазба жұмыстарын жүргізген-тін, ал ерекше тапсырмалардың шенеунігі И.А. Кастанье XIX ғ. соңына таман өлкенің ескерткіштері туралы мәлімдемелер жинауды бастап, 1910 ж. «Орынбор өлкесі мен қырғыз даласының көне ескерткіштері» атты ескерткіштердің тізімін дайындады¹².

Кеңес өкіметінің бірінші онжылдықтарында Орал маңайын археологиялық зерттеу эпизодтық сипатта болды. Бұл жұмыстар XX ғ. 20-шы жж. орта кезінде, 50-ші жж. бас кезінде жүргізілді. Әдебиетте далалық ғылыми зерттеулердің жарияланымдары көріне бастады.

⁶Путешествие в Восточные страны Пано Карпини и Гильома Рубрука. Алматы, 1993. 61-б.

⁷Бадян В.В., Чиперис А.М. Торговля Каффы в XIII-XV вв. Феодальная Таврика. Киев, 1974. 183-184-б.

⁸Ибрагимов Н. Ибн Баттута и его путешествия по Передней Азии. М., 1988. 57-70-б.

⁹Рычков Н.П. Древние записи путешествия Н. Рычкова на киргиз-кайсацкие степи в 1771 г. Спб., 1772. 82-83-б.

¹⁰Паллас П.С. Физические путешествия по разным местам Российского государства. Книга 2, ч. II. Спб., 1786. 216-б.

¹¹Бабаджанов С. Этнографический сборник. Вып. IV. Спб., 1864. Т. IV. 8-11-б.

¹²Харузин А.Н. Киргизы Букеевской Орды (Антрополого-этнографический очерк). Вып. 1, ч. 1// Известия общества любителей естествознания антропологии и этнографии при Московском уни-

Дәл осылай, 1925–1927 жж. «Қазақстан зерттеу қоғамы» Саратов университеті жанындағы Оңтүстік Волга облыстық өлкетану институты және Саратов облыстық мұражайы мен бірге, профессор П.С. Рыковтың басшылығымен археологиялық экспедицияны ұйымдастырды.

Оны зерттеудің негізгі түйіндерінің бірі – Еділ мен Орал қос өзені аралығы – қолданыстағы, сонымен қатар савроматтық-сарматтық мәдениет (б.з.д. VII – б.з. IV ғғ.) ескерткіштерінің орналасқан ауданы. П.С. Рыковтың есебі бойынша ең бертінгі ескерткіштер кейінгі көшпелілерге қатысты болып, б.з. X–XV ғғ. жатады¹³.

Батыс Қазақстанның көне тарихын зерттеуде КСРО Ғылым академиясының кешенді экспедициясы және, сонымен қатар, одақтық және автономды республикаларды зерттеу бойынша Ерекше комиссия ұйымдастырған, М.П. Грязнов пен М.В. Комарова басшылық еткен қазақстандық экспедицияның антропологиялық отрядының атқарған жұмыстарының маңызы зор болды¹⁴.

40-шы жылдардың соңы мен 50-ші жылдардың басында Саратов мемлекеттік университеті мен облыстық өлкетану мұражайының археологиялық экспедициясы профессор И.В. Синицынның басшылығымен барлау және обаларды қазу жұмыстарын ұйымдастырған болатын. Үш маусымның ішінде (1948–1950 жж.) экспедиция қола, темір ғасыры және ортағасырлық болып табылатын 55 қабірі бар 28 обаны зерттеді¹⁵.

1953 ж. Орал–Көшім суармалы жүйесі құрылыстарының ізденіс жұмыстарының ұйымдастырылуы мен жобалануына байланысты Т.Н. Сенигованың басшылығымен, ҚазССР Ғ.А. Тарих, археология және этнография институтының археологиялық экспедициясы ұйымдастырылды¹⁶.

Экспедиция бұған дейін қазба жұмыстары өткен Көрпебай, Қараоба қорымдарындағы 16 обада қазба жұмыстарын жүргізді.

Сонда да, кең көлемді жұмыстардың жоқтығынан, облыстың үлкен бөлігі зерттелінбеген күйінде қалды.

верситете. Т. II. 1891. 19-б.; *Кастанье И.А.* Древности Киргизской степи и Оренбургского края// Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. 1910. Вып. 22.

¹³*Рыков П.С.* Археологические раскопки и разведки в Нижнем Поволжье и Уральском крае летом 1925 г.//Известия Краеведческого института по изучению Южно-Волжской области при Саратовском университете. Саратов. 1926. Т. 1. 134-б.

¹⁴*Грязнов М.П.* Погребения бронзовой эпохи в Западном Казахстане. Казаки. Антропологические очерки//Материалы особого комитета по исследованию союзных и автономных республик. Вып. 2. Л., 1927. 172–215-б.

¹⁵*Синицын И.В.* Археологические исследования в Западном Казахстане//Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Т. 1. Археология. Алма-Ата, 1956. 87–139-б.; *Бал да сонда*. Археологические исследования в Нижнем Поволжье и Западном Казахстане//Краткие сообщения Института материальной культуры. Вып. 37. 1951. 97–105-б.

¹⁶*Сенигова Т.Н.* Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции 1953 г.//Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Т. I. Археология. Алма-Ата, 1956. 140–156-б.

Орал облысының шығыс бөліктерінде қазба жұмыстарын Г.И. Багриковтың басшылығымен Орал педагогикалық институты экспедициясы 1966 ж. бастаған болатын. Нақ осы экспедицияға Лебедевқа обасынан сармат заманы мен ортағасырлық көшпенділердің бірегей материалдарын алудың сәті түсіп, оның жарияланымдары ғылымда кең талқылауға түскен болатын¹⁷.

Орал облысы аумақтарына археологиялық зерттеулердің сапалы жаңа кезеңі Орал педагогикалық институтында археологиялық экспедиция ұйымдастырылуымен 1968 ж. басталды. Оны Г.А. Кушаев басқарған болатын¹⁸.

Экспедицияның жұмыстары өткен ғасырдың 90-шы жж. басына дейін созылып, аймақтың ертедегі және ортағасырлық археологиясы мен тарихы бойынша көптеген материалдар берді. Оның нәтижелері 1993 ж. жарияланған «Этюды древней истории степного Приуралья» атты монографияда жан-жақты талданып, қорытылған болатын.

Алғысөзде «монография 22 жылдық зерттеулердің нәтижесінде жазылды, оның негізінде 300 обаның мол материалдары жатыр, ал зерттеулер «Орал облысы ескерткіштерінің тізімі» бағдарламасы аясында өткізілді» деп көрсетілген. Г.А. Кушаевтың жұмысы сөзсіз Батыс Қазақстан мәдениетінің қайнар көздерін зерттеумен шұғылданған өлкетанушылар мен археологтардың бірнеше буынының және автордың зерттеулерінің түйінін қорытқан еңбек болып табылады.

1976 ж. экспедиция құрамында С. Мошкова, Б.Ф. Железчиков, В.А. Кригер басқарған археологиялық отрядтар жұмыстар жүргізеді¹⁹.

Көне ескерткіштердің дәстүрлі зерттеулерімен қатар Б.Ф. Железчиков пен В.А. Кригер алғашқы рет Батыс Қазақстанда ортағасырлық обалардың кең зерттеуіне ден қойды. Бұл кезеңдерде Еуразия территориясында печенег, оғыз, қыпшақ мемлекеттері құрылып жатқан.

Б.Ф. Железчиков пен В.А. Кригердің және басқалардың зерттеулері «Курганы кыпчакского времени на Южном Урале» атты кітапта көрініс тапты²⁰. Онда XII–XIV ғғ. жерлеу ескерткіштері талданған, инвентарь жүйеленіп, жерлеу ырымдары қаралған; «қыпшақ мәдениетінің» үш дәуірі – моңғолға дейінгі, моңғол және мұсылмандық даму хронологиясы жүргізілді.

Аяғында, 90-шы жылдардың ортасынан бастап, бұл тақырып А.А. Бисембаевтың жұмыстарында даму алды. Оның мақалалары мен кандидаттық диссертациясы VIII–XVIII ғғ. хронологиялық диапазонында ортағасырлық дәуірдің жерлеу ескерткіштерін жүйеге келтіру мен жариялауға арналған болатын²¹. Бұл жұмысты Қазақстан археологиясында мың жылдан

¹⁷Багриков Г.И., Сенигова Т.Н. Открытие гробниц в Западном Казахстане//Известия Академии наук КазССР. Сер. обществ. 1968. №2. 71–89-б.

¹⁸Суюмшалиев Х.Ж. Воспоминания о друге//Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. Вып. 1. Уральск, 2002. 6–7-б.

¹⁹Джубанов А.А. Воспоминания о коллеге, друге и соратнике//Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. Вып. 1. Уральск, 2002. 8–11-б.

²⁰Иванов В.А., Кригер В.А. Курганы кыпчакского времени на Южном Урале (XII–XIV вв.) М., 1988.

²¹Бисембаев А.А. Погребальный обряд кочевников средневековья Западного Казахстана (VIII–XVIII вв.). Автореферат кандидатской диссертации. Алматы, 2000.

аса уақытқа созылған ортағасырлық көшпелілердің заттық және рухани мәдениетінің дамуын қамтыған бірінші еңбек деп айтуға болады.

Батыс Қазақстандағы зерттеулердің нәтижесі, қазба жұмыстарының материалдары бірқатар сараптаушы зерттеулердің қатарына кіріп, ертедегі және ортағасырлық Еуразияның жалпы күрделі тарихи суретін жасауға өз үлесін қосты²².

Өкінішке орай, 1992 ж. Г.А. Кушаев дүние салғаннан кейін өлкенің ескерткіштерін зерттеу жалғаспай, үзіліп қалды. Бұған бірнеше себеп әсер етті, және ең негізгісі облыста маман-археологтардың қалмауы еді. Г.А. Кушаевпен басында бірге, ал содан соң дербес жұмыс істеген зерттеушілер Б.Ф. Железчиков пен В.А. Кригер Орал қаласынан көшіп кетті. Тек 2001 ж. облыс әкімдігі мен ҚР БҒМ Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты арасындағы келісім негізінде кең көлемді археологиялық зерттеулер қайтадан басталған болатын.

2001 ж. бірлескен Орал археологиялық экспедициясы ұйымдастырылып, ол белгіленген археологиялық зерттеулер бағдарламасы аясында төрт маусымдық жұмыстар атқарды. Басында ол өзіне Археология институты мен облыстық тарихи-өлкетану мұражайының күштерін қосты, ал одан кейін Археология институты 2002 ж. құрылған Батыс Қазақстан облыстық археология және тарих орталығымен бірлесе жұмыстар атқарды.

Экспедиция палеолиттен бастап орта ғасырларға дейінгі ескерткіштерді зерттеу және анықтаумен шұғылданды. Алғашқы рет жоғары палеолит, мезолит және неолит дәуірлерінің тұрақтары ашылып, арасында Шалқар көлі мен Үлкен Ешкі тауының ауданындағы тұрақтар ерекшеленеді.

Қола дәуірінің қоныстары Бауыржан-Аяқ, сармат пен савромат заманының Лебедев-ка, Тунгуш және Қырықоба обаларында, ортағасырлық көшпелілердің обаларында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Орал қаласынан оңтүстікке қарай 10 км жерде ортағасырлық Жайық қаласы табылды. Қала мен қорымда Қазақстанның ортағасырлық тарихы және Жібек жолы бойынша мәліметтер беретін маңызды материалдар табылу үстінде. Сонымен бірге аймақтың тарих пен мәдениет ескерткіштері тізімі бойынша кең көлемді жинақтау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жаңа материалдар Батыс Қазақстанның археологиясына арналған монография мен жинақтарда жарық көрді²³.

²²Степная полоса азиатской части СССР в скифо-сарматское время//Археология СССР. М., 1992; Степи европейской части СССР в скифо-сарматское время//Археология СССР. М., 1989; Степи Евразии в эпоху средневековья//Археология СССР. М., 1981. Древняя история Южного Зауралья. Т. 1. Челябинск, 2000.

²³Сдыков М.Н., Гуцалов С.Ю., Бисембаев А.А. Сокровища скифов Западного Казахстана. Уральск, 2003; Бисембаев А.А. Археологические памятники кочевников средневековья Западного Казахстана (VIII–XVIII вв.). Уральск, 2003; Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. Уральск, 2002. Вып. 1; 2003. Вып. 2.

1-тарау

ҚАЛА МЕН ҚАЛА БАСПАНАЛАРЫНЫҢ ТОПОГРАФИЯСЫ

Жайық қаласы төменгі хвалынскілік жастағы теңіздік аккумулятивті жазықта орналасқан. Және де Шаған өзенінің ірі тармақтары нәтижесінде пайда болған жағалаудың жоғары жағында ірге тепкен. Атырапты аталған тармақ әбден шайып кетіп, ол жазықтың биіктеу тұсынан Орал өзенінің төменгі және жоғары ағыстарынан тегіс дерлік көрінеді. Онан әрі, Орал өзені арнасына жүйелі түрде орталық, ал содан соң жайылма арналары орналасады.

Қаланың аумағын оңтүстіктен және оңтүстік-шығыстан Орал өзенінің террасасы баурайы шектесе, ал басқа жағынан табиғи жыралар қоршай орналасқан. Қандай да бір жасанды қоршаулардың іздері аумақтан табылмады. Анық құрылыс іздері байқалатын ауданның көлемі шамамен 7 га (1-сур.). Қазір бұл, бөлек тұратын әртүрлі жоспар мен мөлшердегі адырлар биіктігі 0,3-тен 0,6 м-ге дейін. Қаладан батысқа қарай 2 км қашықтықта Свистун-гораның үстінде қалалық қорым орналасқан. Одан жобасы жағынан дөңгелек төмпешіктерге айналған мазар қалдықтары көрінеді. Биіктігі 2–3 м болып келетін бұл үйінділердің беткі қабатында күйдірілген кірпіш сынықтары мен бір кездері мазарларды көріктендіріп тұрған сырлы кірпіш қалдықтары ұшырасады.


1.1. Кіші тұрғын-жай

Қазба жұмыстары барысында шартты түрде «кіші» аталған тұрғын-жай аршылды (2-сур.). Кіші тұратын бөлімі 6 бөлмеден түзіледі, қаланған шикі кірпіш мөлшерлері келесідей болып келеді: 25x28x8 см, 35x38x7 см, 20x22x6 см, 28x25x8 см, 26x20x6 см, 38x24x7–8 см. Қабырғаларының іші де, сырты да сазды сылақпен сыланып тасталған. Қабырғаларының қалыңдығы 70 см. Қоныс-жай екі симметриялық тұрғын бөліктерінен тұрады. Біріншісін № 3, 2, 1 (1-фото) бөлмелер, екіншісін № 6, 5, 4 (2-фото) бөлмелер құрайды.

№3 бөлменің мөлшері 3,20x2,40 м, ол шаруашылық міндеттегі кіреберіс болған. Бөлменің солтүстік-батыстағы бұрышынан шикі кірпіштен қаланған «Г» әрпі тәріздес сыпа анықталған болатын (3-фото). Бөлмені тазалау кезінде керамика мен металл фрагменттері, темірден жасалған бұйымдар сынықтары табылды.

Бөлменің оңтүстік-шығыс бұрышында шикі кірпіштен қаланған шұңқыр орналасқан. Бұл «ташнау» – санитарлық-гигиеналық құрылыс лас суды ағызуға арналған. Батыс қабырғадан шығарылған есік арқылы орталық тұрғын бөлмелеріне қатынасқан (№2). Оның мөлшері 3,20x3,70 м.


Үйдің үлкен бөлігін оңтүстік, шығыс және солтүстік қабырғаларды бойлай орналасқан «П» бейнелі сыпа иеленіп жатыр. Сыпаның оңтүстік кесіндісінде кандар – ерекше жы-



1-сурет. Қала мен зираттың жалпы жобасы

лыту жүйесі құрылғысы орналасып, оның негізгі элементін горизонтальды түтін және ыстық өткізгіш каналдар құрайды. Сыпаның шетінде от жағатын камера орналасып, одан оңтүстік қабырғаны бойлай шикі кірпіштен тұрғызылған екі каналды мұржа жіберілген. Мұржа каналдары шикі кірпіштермен жабылып, үсті сыланып тасталған. Бүкіл құрылымды екіге бөліп тұрған пештің батыс жағында, бірінің қасында бірі, екі шаруашылық шұңқыры орналасқан (2-сур.).

Тұрғын бөліктерін бөліп тұрған, батыс қабырғаны бойлай орналасқан қуыс арқылы №1 бөлмеге өткен (1,60x3,20 м). Қуыстың табалдырығы болған. Бұл бөлме қоймалық қызмет атқарған. Оның оңтүстіктік-батыс бұрышында шаруашылық шұңқыр орналасқан (1-сур., 4-фото). Екінші тұрғын бөлік №6, 5, 4 бөлмелерден тұрады.



2-сурет. «Кіші қоныс-жайдың» жобасы

№6 бөлме мөлшері 3,15x2,40 м, бүкіл құрылыстың солтүстік-батыс бұрышында орналасқан. №3 бөлме де шаруашылық сипаттағы кіреберіс болған. Бөлменің оңтүстік-батыс бұрышында үш шаруашылық шұңқыры болған. №6 және 5-бөлмелерді қосатын қуыстың табалдырықшалары шикі кірпіштен қаланған.

№5 бөлменің мөлшері 3,70x3,20 м, екінші бөліктің орталық тұрғын бөлмесі болған. Бөлменің бүкіл батыс бөлігін бойлай, яғни батыс, онымен түйіскен оңтүстік және солтүстік қабырғаларды сыпа алып жатыр. Оңтүстік қабырғадағы сыпаның ауданы тандыр тәріздес от жағатыны бар каннан тұрады (5-фото). Қасында күйдірілген кірпіштен қаланған пеш орналасқан. Жанында еденде жиналып қалған күлді күреп тастайтын шұңқыр орналасқан.

Тұрғын бөлмелерден қуыс қоймалық бөлмеге алып келген (№4). Оның оңтүстік-шығыс бұрышында күйдірілген кірпіштен қаланған төртбұрышты алаңқай орын төпкен. Орталық бөлігінде жатқан кірпіште суды ағызып жіберу үшін өдейі жасалған төсік көрінеді.

«Кіші тұрғын-жайды» тазалау нәтижелерін келесідей сөйкестікпен түсіндіріп беруге болады. Тұрғын-жайдың бөліктері аралары қабырғамен бөлінген, жобасы жағынан бір-біріне ұқсас тұрғын кешенінен тұратын, бөлек тұрған құрылыс болып келеді. Үйге ауладан кіретін есіктері солтүстік қабырғада орналасқан. Үйге кірместен бұрын «кіреберіске» тап болған. №3 бөлмеде солтүстік-батыс бұрышта күйдіріліген кірпіш сынықтарынан қаланған сыпа бар. Онан әрі, есіктер арқылы орталық қабырғаны бойлай сыпамен жылытылатын тұрғын бөлмелерге өткен (№ 2, 5). Бөлменің анфиладаларын шаруашылық сипаттағы кішігірім бөлмелер тұйықтаған. Олар, сірә, қойма болған болуы керек.

Тұрғын-жай ішінде құрылыстары бар үлкен ауладан тұрған болуы керек деп жобалауға болады. Бірақ ауланың территориясы әзірге қазылған жоқ.

Қазба жұмыстары кезінде тұрғын-жайдан келесідей заттар: темір бұйымдар қалдықтары (олардың арасында құрыш тескіштің бір бөлігі немесе қашау); керамика сынықтары; шыңыртырланған тақташалар мен шыңыртырланған кірпіш фрагменттері; сақталып қалған тері бөліктері; әр түсті шынылардан жасалған моншақтар; дөңгелете жазылған және сегіз тармақты жұлдыз тәріздес өрнегі бар күміс сақина; сақина құю үшін өктен жасалған қалыптың астыңғы бөлігі; сондай-ақ жануарлардың сүйектері, балық қабыршақтары табылды.

1.2. Үлкен тұрғын-жай


Тұрғын үй мен шаруашылық бөлмелер кешенінен және кең ауладан тұрады. Құрылыс қабырғалары шикі кірпіштен қаланған. Әзірге төрт бөлме ғана тазаланды (3-сур.). Орталық үй болып №1 бөлме табылады. Ені 1,4 м болып келетін есік ауладан енген (6, 7-фото). №1 бөлменің сыртқы қабырғасының қалыңдығы 0,8 м. Олар өлшемі 25x25x8 см болып келетін шикі кірпіштермен үш қатар болып тұрғызылған. Ішкі қабырғалары мөлшері 30x27x8 см болатын кірпіштен қаланған, қалыңдығы 0,7 м. Қабырғалары ішінен де, сыртынан да көп қабатты сылақпен сыланып тасталған. Қабырғалардың сақталған биіктігі 0,7–0,8 м.

Бөлменің үлкен бөлігін «П» бейнелі сыпа алып жатыр. Сыпаның жартысын, бөлменің батыс қабырғаларын бойлай кандар иеленген. Сыпаның солтүстік аяғында орналасқан ошақ тандыр қызметін атқарған. Оның бүйірінде от жағатын қуыс жасалған. Жанында, шығысқа қарай, шикі кірпіштен жасалған көлемді платформа бар. Ішінен күйінді мен күлдің жұқа қабаты анықталды. Үстінде көлемі 26x26x6 см күйдірілген төртбұрышты кірпіштердің бір қабаты тазаланды. Бұл «П» әрпі тәріздес қалау ашық жағымен күйдірілген төртбұрышты кірпіштен төселген еден бөлігіне қаратылған. Платформаның алдындағы көлемі 0,5x1,2 м болатын тікбұрышты бөлігі күлмен толтырылған. Сірә, бұл қатты қираған пештің қалдығы болса керек. Оның ошағының алдында күл күреліп тасталған еден бөлігі табылды. Күйдірілген кірпіштен төселген еден сыпаның шығыс бөліктерінен де аңғарылды. Сыпаның солтүстік бөлігінде екі жерде ені 2,7 м болатын күйдірілген кірпіш қаландылары аршылды.

Бұл кірпіштер көлемі 35x35 см, қоршау тәріздес және «қырынан» қойылған, ішінде күл мен көмірдің іздері сақталған (8-фото). Бұл «сандал» тәріздес түрлі уақыттардағы жылыту жүйелері болуы әбден мүмкін. №1 бөлменің шығыс қабырғасының артында кішігірім тар бөлме жасалған (№4). Онда екі кезеңнің ошағының күйдірілген кірпіштері үйіліп жатты. Бұл бөлме, сірә, жаздық асхана қызметін атқарса керек (9-фото).

№1 бөлменің солтүстік қабырғасында №2 бөлмеге өтетін есік орналасқан. Оның, сірә, тұрғын және шаруашылық маңызы болған. Оның шығыс бөлігін ені 2,4 м болатын сыпалып жатыр. Еденнің батыс бөлігінен үш шаруашылық шұңқыры аршылды.

Одан солтүстікке қарай аулаға бөлек есігі шығатын №3 бөлме орналасқан. Қазба жұмыстарының шептерінің сыртында бұл тұрғын-жайдың күрделі құрылымдарының бір бөлігі мен ауланың үлкен жартысы қалып қойды. «Үлкен тұрғын-жайдың» ауласының территориясынан табылған штампталған керамика фрагменттері мен қаптауға арналған шыңыртырлы кірпіштер байланысты болып келеді.




3-сурет. «Үлкен қоныс-жайдың» жобасы

1.3. IV қазбадағы қоныс-жайлар

Қаланың шығыс бөлігінде №3 тұрғын-жайдың жарым-жартысы аршылды (4-сур.). Қазбаның оңтүстік-батыс бөлігінде (№2 бөлме) жақсы сақталған, өсімдік оюлы мыс монета табылды (10-фото).

№4 бөлме қазбаның оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Ол ені 1 м болатын қуыс арқылы, тұрғын-жай территориясында ауданы ең үлкен болып келетін №3 бөлмемен жалғасады. Қабырғаны тұрғызу барысында екі көлемді кірпіш пайдаланылған: төртбұрышты –



4-сурет. IV қазбадағы №3 қоныс-жайдың жобасы


25x25x7 см және тікбұрышты – 25x45x7 см. Қалау кезінде бұл екі кірпіш түрлерін кезекпен пайдаланған. Яғни бірінші қатар біреуімен қаланса, екінші қатар екіншісімен қаланған. Қабырғалар ішінен де, сыртынан да сазды сылақпен сыланып тасталған. Едендер де сыланған.

Қазбаның солтүстік-батыс және батыс бөліктеріндегі бөлмелерден тандыр мен пештің қалдықтары табылды (№1 бөлме). Оның үстіне, тандырдан екі қатар канал тәріздес мұржа кетеді. Мұржа арқылы сыпа жылытылған. Тандырдың алдынан, еденнің деңгейінде ұзындығы 17 см болатын қатты бүлінген, сабы сынған темір пышақ табылды. Сыпаның алдында, тек келесі жағында пеш орналасқан. №1 бөлмеден №2 бөлмеге өтетін дәлізде шикі кірпіштен қаланған табалдырықшалар бар (екі қатар болып қаланған). №2 бөлмеде үш шаруашылық шұңқыры болған, күйдірілген керамика фрагменттері мен сүйек үйінділеріне қарағанда бұл бөлме шаруашылық маңызда болса керек. Осы жерден бір жағында шауып келе жатқан ат бейнеленген, келесі жағында арабша жазулары бар екінші бір мыс монета табылды. №1 мен №2 бөлмелердің тұйықталып, басқа бөлмелермен қатыспағанын атай кеткеніміз жөн, бұл, сірә, көршілес тұрғын-жайдың бір бөлігі болса керек.

Қазбаның оңтүстік-шығыс бұрышынан шаңыртырланған тостағанның фрагменттері табылды. Жасыл фонда мөлдір шаңыртырлы өсімдік түрінегі өрнек қара бояумен, ал көк фонда мөлдір шаңыртырлы араб әріптері түріндегі өрнек ақ және қоңыр бояулармен түсірілген. Сонымен қатар, ішкі жағында алтынмен жазылған және сыртқы жағында жиегін айналдыра жазған арабша мәтіні бар люстралы ыдыс деп аталатын түрінің екі фрагменті табылды.

№5 және №6 бөлмелер аршылды. Бұл екі бөлменің арасын жалғастырып тұрған дәліздің кейін арасында шикі кірпіш кесектері бар сазды лаймен бітеліп тасталғаны анықталды.

Қазбаның солтүстік-солтүстік-шығыс жақтарына қарай ұлғаюы осы жердегі көлемді төбенің астында жатқан құрылыстың қалдықтарын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл, биіктігі 1,5–1,7 м



5-сурет. IV қазбадағы №4 қоныс-жайдың жобасы

және ауданы 20x25 м болып келетін төбе – қаланың топографиясындағы ең көз тартар жерлердің бірі. Бұл бір кездердегі болған №4 тұрғын-жайдың құрылыс конструкциясының жақсы сақталып қалуына әсер етті. Төбенің ортасынан бертінгі кезде біреулер жеркепе қазған. Одан тереңдігі 1,6 м-ге жететін, жайылып кеткен ойық қалып қойған. Шамалағанымыздай, бұл жеркепенің шұңқыры құрылыстың орталық бөлігіндегі конструкцияларды іргесіне дейін бүлдірген.

Тұрғын-жайдың бөлмелерінің қабырғалары біркелкі түрде дүниенің төрт бұрышына қаратылған (5-сур.). Тұрғын үй кешенінің батыс бөлігін өзара есік ойықтары арқылы жал-

ғасқан, негізгі ұзын қабырғаның бойымен анфалидалы түрде орналасқан үш бөлме (№1-3) құрайды (11-фото). Ұзын қабырға бұл үш бөлмені бірлескен бөлек блокқа біріктіреді. Ол бүкіл құрылыстың бойымен солтүстіктен оңтүстікке қарай өтеді. Қалыңдығы 0,8 м, сақталған биіктігі 1,2 м (12-фото). Қабырға мөлшері 43-42x23-25x10 см және 23-24x23-24x6 см болатын сарғыш түсті тікбұрышты шикі кірпіштен қаланған. Екі жағынан да қалыңдығы 1-2 см сазды сылақпен сыланған.

№1 бөлме блоктың солтүстік-батыс бұрышында орналасқан (5-сур.). Көлемі 6x4 м. Бөлменің кіре берістің сол жағы, батыс жартысын биіктігі 0,45 м сыпа алып жатыр. Сыпаның ені 2,4 м. Оның жиегі бірқатар етіп тікбұрышты шикі кірпішпен қаланған. Егер бөлменің оңтүстік және шығыс қабырғалары жақсы сақталып, биіктігі 0,5-1 м-ге жетсе, ал сыртқы солтүстік және батыс қабырғалары төбенің баурайында болғандықтан нашар сақталған. Бөлмеде диаметрі 0,6-0,8 м болатын аса терең емес үш шаруашылық шұңқыры аршылды. Шұңқырдың ішінен шикі кіріпіш кесектері, ірі және ұсақ малдың сүйектерінің қалдықтары табылды.

Ені 1,15 м есік ойықтары арқылы №1 бөлме №2 бөлмемен жалғасып жатыр (13-фото). Есік қуысы күрделі шығыс қабырғаның бойында орналасқан, табалдырыққа үш шикі кірпіш қойылған. №2 бөлменің көлемі 6x3,7 м. Оны тазалау кезінде, басқа жерлердегі сияқты, екі тұрғызылу кезеңі бары анықталды. Екінші құрылыс кезеңі кейбір бөлмелердің қайтадан жобалануымен сипатталады (14-фото).

Алғашында бөлменің шығыс қабырғасын бойлай екі каналды кандар орнатылған. Оның ошағы ретінде шығыс бөлігіндегі тандыр қызмет еткен. Канның ені 80 см (15-фото). Тандырдың қабырғаларының сынықтары бөлменің шығыс қабырғасы жағындағы 1-ші шұңқырдың ішінен табылды. Оңтүстік қабырғаны бойлай аса терең емес (60 см), тарлау (55-60 см), шетінде жиегі бар қамба жасалған (16-фото). Екінші кезеңде ол көміліп тасталып, үстінен ені 60 см сыпа тұрғызылған. Ал кан мен тандыр, сірә, қиратылған болуы керек, оның орнына кішігірім пеш түріндегі ошақ орналасқан. Оның алдыңғы жағынан, еденнен іші күлмен толтырылып тасталған, ені 60 см болатын кішігірім сопақ шұңқыр аршылды. Екінші кезеңде №2 бөлменің кіре беріс сол жағын, яғни бүкіл батыс қабырғасын ені үш метрге жуық, «П» бейнелі сыпа алып жатыр. №2 бөлменің еденінде тағы да екі шаруашылық шұңқыры табылды (№1, 3). Ол топырақ аралас мал сүйектері, керамика сынықтарымен толтырылған (17-фото).

Ені 0,9 м есік қуысы арқылы №2 бөлме №3 бөлмемен жалғасып жатыр. Есіктің табалдырығы сары шикі кірпішпен қаланған. Бұл кірпіш қаландыларында ағаш кесіндісі сірә, есіктің босағасынікі болуы керек, тазартылды (18-фото).

№3 бөлменің көлемі 6x6,3 м. Мұнда да №1 бөлмедегі сияқты шығыс және солтүстік қабырғалары жақсы сақталған, сыртқы батыс және оңтүстік қабырғалары төбенің шетінде болғандықтан нашар сақталып, түгелімен шайылып кеткен (19-фото).

№3 бөлменің солтүстік қабырғасын бойлай, №2 бөлмедегі сияқты ені 1,1 м кан орналасқан. Сыпаның кан орналасқан шығыс жақ аяғында жақсы сақталған тандыр аршылды (5-сур., 20-фото). Тандырдың ернеуі 35 см, табанының диаметрі 60-65 см, биіктігі 65 см. Тандырдың қыш қабырғасының ішкі жағында қиғаш тор сызылған. Тандыр канға ошақ ретінде

пайдаланылмаған. Өйткені оның қабырғасында жылу өткізгіш тесік байқалмайды. Канға арналған ошақтың орнына екінші кезеңде тандыр тұрғызылып, бұл кезеңде кан үйдің құрылысынан шығып қалса керек.

Бөлменің батыс бөлігін биіктігі 40–45 см, ені 2,4 м жалпақ сыпа алып жатыр. Оңтүстік қабырғасын бойлай ені 1 м-ге жуық тағы бір сыпа тұрғызылған. Бүкіл бөлмелердегі сыпаның жиектері тұтас және кесек шикі кірпіштермен қаланып, ортасы (күйдірілген кірпіш пен шикі кірпіш сынықтары, сирек те болса сүйектер мен керамика фрагменттері) құрылыс қалдықтарымен толтырылған (21-фото).

№3 бөлменің шығыс қабырғасының ортасынан шикі кірпіштен қаланған көлемді бағана (тумба) табылды. Оның мөлшерлері 1,4x1 м. Оған күмбез түріндегі жабындысы бар пеш орнатылған (22-фото). Камераның ені 0,5 м, тереңдігі 1 м. Камераның еденінің ортасынан күл мен көмірі бар кішкентай ойық тазаланды (20x15 см). Пештің қас бетіндегі еденде күлмен толтырылған, көлемі 50x75 см аса терең емес шұңқыр орналасқан (5-сур.).

№3 бөлменің еденінен төрт шаруашылық шұңқырлары аршылды (№8, 9, 11, 12). Оның іштерінен үй жануарларының сүйектері, керамика фрагменттері, ал №8, 9 шұңқырлардан шіріген тарының дәндері шықты.

№3 бөлменің есігі барлық бөлмелерге бірдей күрделі шығыс қабырғадан табылды. Есік қуысының ені 1,5 м. Есік, көлемі 5x9 м болатын №4 бөлмеге алып келеді. Бұл бөлмеде салыстырмалы түрде шығыс, батыс және солтүстік қабырғалар жақсы сақталған (биіктігі 0,7–1,1 м), оңтүстік қабырғаның ізі анықталмады (5-сур.). Сірә, бұл жағында қабырға төбенің ең шетінде орналасып, түгелімен шайылып кетсе керек. Сонымен қатар, шамасы, бұл жағында шикі кірпішті күрделі қабырға болмаған.

№4 бөлмеден тұрғын үйдің ізі байқалмайды. Мұнда сыпа, кан, ошақтар болмаған (23-фото). Батыс күрделі қабырға тұрғын үйлік №1–3 бөлмелердің шығыс қабырғасы болып табылады. Солтүстік қабырғада №4 пен 5-бөлмелерді жалғастыратын, ені 0,75 м есік қуысы орналасқан. Бұл есік қуысы, сірә, екінші құрылыс кезеңінде шикі кірпіштер және тас сынықтарымен бітеліп тасталған болуы керек (24-фото). №4 бөлменің батыс қабырғасынан шаруашылық шұңқыры анықталды (№13). Бөлменің солтүстік-шығыс бұрышы жеркепені қазу барысында бүлінген. Бұл бұрышты құрайтын солтүстік және шығыс қабырғалар сақталып қалған бөліктерінде жақсы аңғарылады. Олар тік бұрышты және төртбұрышты шикі кірпіштен тұрғызылып, сазды сылақпен сыланған және сақталған, биіктігі 0,5–1,0 м.

№4 бөлмеден кейін орналасқан және онымен байланысып жатқан №5 бөлменің көлемі 2,8x5,5 м (5-сур., 25-фото)¹. Бөлменің қабырғалары қара сазды лаймен біріктірілген шикі кірпіштен тұрғызылған. Қабырғаның сақталған биіктігі 70 см. Оның оңтүстік-шығыс бұрышы, келіп қосылатын оңтүстік және шығыс қабырғалар сияқты, жеркепенің себебінен қираған. Жеркепе, сонымен қатар №7 және 8 бөлмелерді де жарым-жартылай қиратып өткен.

¹2003 ж. далалық маусымда бес бөлме тазаланып, төрт бөлменің жобалауы белгіленді. 2004 ж. далалық маусымда 2003 ж. қазбаның бөлмелеріне жаңадан нөмірлер берілді. Сондықтан 2003 ж. есептің жобасында №6 деп берілген бөлме №5 бөлме деп белгіленді (жобаны қараңыз).

Кешенге солтүстік бөлігінен келіп қосылатын №5а, 6-бөлмелердің атқарушылық қызметі әзірге белгісіз. Сірә, табылған керамика сынықтары, мал сүйектеріне қарағанда шаруашылық маңыздағы бөлмелер болса керек.

Өзінің жобасы жағынан төртбұрышты болып келетін №7 бөлменің солтүстік қабырғасының көлемі 5,5 м, шығыс қабырғасы 5,25 м, оңтүстік қабырғасы 6,3 м, батыс қабырғасы 5 м. Қабырғаның сақталған биіктігі 0,5–0,9 м, қалыңдығы 80 см (26-фото). Бөлменің едені сазды лаймен сыланған. Бөлмеден табылған керамикалар штамповты керамика фрагменттеріне жатады. Еденнің деңгейінде сынған қызыл топырақты керамикалар (түбі, ернеуі, құлағы) мен шыңыртырлы керамика фрагменттерінің бір шоғыры табылды. Бөлмеде солтүстік-шығыс бұрышында орналасқан, диаметрі 2 м, тереңдігі 0,7 м болатын шаруашылық шұңқыры болмаса, басқа ешқандай интерьер байқалмайды (27-фото). Шұңқырдың ішінен керамика сынықтары мен жануарлардың сүйектері шықты. Бөлме, сірә, шаруашылық сипатта болса керек. Бөлменің оңтүстік қабырғасында орналасқан, ені 0,7 м есік оны №8 бөлмемен жалғастырып жатыр.

№8 бөлменің көлемі 5,2x3,1 м. Қабырғасы шикі кірпіштен тұрғызылған. Оның көлемі 25x25x5 см, сонымен қатар көлемі 40x25x5 см кірпіштер де пайдаланылған. Қабырғаның сақталған бөлігінің биіктігі 1,1 м, қалыңдығы 0,7 м. Бөлменің оңтүстік-шығыс бұрышынан күлдің дағы анықталды.

Сыртқы жағынан шығыс қабырғаға екінші құрылыс кезеңіне жататын №13 бөлменің пеші келіп кірігеді.

Алғашқы кезде, №9 бөлмемен жалғастыратын дәліз №8 бөлменің оңтүстік-батыс бұрышында болған (28-фото). №9 бөлменің интерьері батыс және солтүстік қабырғалары бойымен созыла орналасқан «Г» бейнелі сыпа түрінде келеді (29-фото). №9 бөлменің көлемі 3,9x3,8 м. Қабырғасы шикі кірпіштен тұрғызылған. Сыпаның батыс бөлігінің шеті шикі кірпіштен бір қатарлық қалаумен шектелген. Сыпаның іші борпылдақ топырақ пен шикі кірпіш сынықтарына толы. Сыпаның солтүстік бөлігінде диаметрі 0,4 м, тереңдігі 0,7 м тандыр орналасқан (30-фото). Мұржа бөлменің солтүстік-шығыс бұрышы арқылы өткізілген. Бөлменің солтүстік-шығыс бұрышында ені 0,82 м есігі бар. Бұл да екінші құрылыс кезеңіне жататын болуы керек. Дәліз №8 бөлмемен қосылады. №8 бен 9-бөлмелердің арасында, шығыс қабырғаны бойлай шаруашылық шұңқыры орналасқан. Оның диаметрі 64 см. Іші қоқысқа толып қалған.

№10 бөлменің қабырғалары нашар сақталған. Оның есігі аула жағынан, бөлменің солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Бөлменің аумағын тұтас дерлік суфа алып жатыр. Оның шығыс және батыс қабырғаларда қатар орналасқан кандары ашық (5-сур., 31-фото). Жеті канал тазартылды, алғашқы екеуінің ұзындығы 2,45 м. Алғашқы екеуін есептемегенде, каналдардың өзара көлденең қосылмағаны назар аударарлық. Сірә, кан тұрғын-жайдың алғашқы кезеңінде сақталмаған тандыр немесе пеші бар екі каналдан тұрса керек. Қалған каналдар қайтадан жобалану кезінде кейінірек тұрғызылған. Канның дөңгелек ошақты, шикі кірпіштен тұрғызылған түрі үшінші каналда сақталып қалған.

Каналдардың ішінен керамика фрагменттері және жануарлар сүйектері табылды. Дәл осы жерден баланың бесігіне арналған «шүмек» табылды.

№11, 12, 13 бөлмелер кешенге екінші құрылыс кезеңінде жанастыра салынған (5-сур.). Орталығы болып №13 бөлме (32-фото), одан солтүстікке қарай аумағы жағынан кішігірім болып келетін №11 және 12-бөлмелер орналасқан.

№11 бөлменің көлемі 4,86 м (шығыс қабырғасы), 4 м (оңтүстік қабырғасы). Қабырғалары шикі кірпіштен тұрғызылған. Солтүстік қабырғаның сақталған сыртқы бөлігі кірпіштерді еңкейте «қабырға» қойып қаланған (33-фото). Бөлменің интерьері есіктің екі жағын ала, батыс және шығыс қабырғаларының бойымен созылып жатқан сыпадан тұрады². Батыс қабырғаның бойымен орналасқан сыпаның оңтүстік бөлігінде таңдыр орналасқан. Диаметрі 56–58 см. Таңдырдың шығыс жағында ошақ орнатылған. Ені 18–20 см, биіктігі 25 см (34-фото). Таңдырдың солтүстігінде жартылай қиратылған екі жылыту каналдары орын тепкен. Ені 20–30 см. Бөлменің шығыс қабырғасын алып жатқан сыпаның оңтүстік бөлігі күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Мүмкін, суфа алғашқы кезде «П» бейнелі түрде болған.

№12 бөлменің көлемі 2,0x4,5 м. Тұрғын-жай бөлмелерінің ішінде №13 бөлме аумағы жағынан аса бір үлкені болып табылады. Көлемі 9,47x4,75 м. Бөлменің қабырғалары шикі кірпіш сынықтары мен күйдірілген кірпіштерден қаланған. Оңтүстік қабырғаның іш жағында қаны бар сыпа орналасқан. Сыпаның оңтүстік-батыс бөлігіндегі қанның ошағы бар. Одан ені 10 см екі канал тарайды. Бөлменің солтүстік-батыс бұрышында екінші құрылыс кезеңіне жататын пеш орналасқан. Көлемі 3,2x2,36 м. Архитектурасы жағынан ол «орыс пешін» елестетеді. Қиыстыра қаланған күйдірілген және шикі кірпіштен тұрады. Көлемі 24x22x5 см. Пештің қабырғасының қалыңдығы 0,45 м-ге тең. Пештің аркалы күмбезі күйдірілген кірпіштен және сазбалшықтан сына түрінде қаланған (35-фото).

Бөлменің орталық бөлігінде, батыс қабырғаға жақын тұсынан төрт шаруашылық шұңқыры табылды. Бөлмеден келесідей заттар: керамика, моншақ фрагменттері, мыс монета, қола айнаның екі фрагменті, темір шеге және ине табылды.

Қалада тағы да басқа тұрғын-жайлардың қасында орналасқан дөңгелек және сопақша түрдегі бірнеше ойықтар белгіленді. Бұлар, сірә, су сақтайтын – хауыздар болса керек.

Хауыз №2 тұрғын-жайдың солтүстік-батысында орналасқан және қазіргі кезде ұзындығы 10 м, ені 8 м, сопақша түрдегі ойық болып келеді. Екі оңтүстік секторы зерттелінді (36-фото). Сектордың профилі суат келе-келе қою гумусті топырақпен толып қалғанын анықтауға мүмкіндік береді. Қазба жұмысы ашық құрлықтық қабатқа дейін жеткізілді. Суаттың ішінен жануарлар сүйектері, станокті керамика фрагменттері ұшырасты. Бұл сопақша ойықтың суат ретінде болғанына солтүстік-батыстағы сектордан табылған шығырдың екі ірі фрагменттері мен қазбаның шығыс секторынан шыққан шығырдың бірнеше фрагменттері дәлел бола алады. Олар 1 м тереңдіктен қою гумусті қабат пен ашық-сары түсті құрлық деңгейінен табылды. Тұрғын-жайдың қасында хауыз орналасқан деп толық сеніммен айтуға болады.

1.4. Кейбір ой қорытындылары

Жалпы, алынған мәліметтер мен бақылаулар қазірдің өзінде кейбір ойлар түюге мүмкіндік береді. №4 тұрғын-жай екі құрылыс кезеңін бастан кешті. Тұрғын-жайдың ал-

²Сыпалар мен жылу өткізу каналдарының құрылысы, аттың мәйітін төмен түсіріп жерлегендіктен, жартылай бұзылған. Сонымен қоса бұл жерде ағаш тақтайлар мен темір қалдықтары табылған.

ғашқы жобасы тұрғын үйлік құрылыстар түрінен тұрса керек. Археолог В.Л. Егоровтың пікірінше, алтынордалық құрылыс мәдениетінде «моңғолдық және ортаазиялық үй құрылыстарының қалыптары қосылып кеткен»³. Бұндай жобадағы тұрғын үйлер Жаңа Сарайда 1961 ж. қаланың оңтүстіктік-шығыс бөлігінің IV–V қазбаларында зерттелген⁴. Ол өзара кең айванмен қосылған екі тұрғын үй бөлмелерінен тұрады (біздің жағдайымызда – тұрғын үйлердің екі блогы). Бөлмелердің батыс блогы (№1–3) дәліз арқылы жалғасқан, анфиладаны елестетеді. Тұрғын-жайдың бұл бөлігіне есік айван арқылы шыққан (№4 бөлме). Ол арқылы кешеннің шығыс бөлігіне шыққан. Ол алғашқы кезде, батыс блокқа «симметриялы» түрде орналасып және №7–9 бөлмелерден тұрған. Мұндай жобалауды қаланың шығыс сыртында орналасқан Хан қаласындағы 1963 ж. ашылған II және VII қазбалардағы тұрғын-жайларға да келтіруге болады⁵. Водянский қаласындағы⁶ жақсы сақталып қалған «екіқабатты үйдің» қалдығын зерттегеннен кейін, мұндай құрылыстардың жобасы мен құрылымы түпкілікті анықталды, бірақ мұндай жобадағы үйлердің түп шығу тегі әзірге белгісіз болып қалып отыр. Айванға салыстырмалы түрде екі бөлменің симметриялы орналасу жобасының принципі тән және ортаазиялық халықтық архитектураның көне белгісі болып келеді. Этнограф А.К. Писарчик құрылысшылардың «...Ұсталардың айтуынша, бұл үйдің ең көне және баршалыққа қолайлы жобасы» – деген сөздерін жазып алған⁷.

Мұндай тұрғын үйлік кешен түрінің ерекшелігі екі тұрғын бөлмелердің бір-біріне симметриялы салыстырмалы орналасуында болып табылады. Мұндай ұсыныстар біз қазған тұрғын-жайға келетін болса, онда кешеннің алғашқы жобасы шамамен 17,5x20 м болады. Және де негізгі симметрияның түпкі осі №4 бөлме арқылы солтүстіктен оңтүстікке өтеді. №4 бөлменің оңтүстік айван жағы ашық болып келеді. Айван тұрғын-жайдың екі секциясын жалғастырып жатыр. Біріншісі (батыс) көршілес №1–3 бөлмелерден тұрады. Шығыс жағындағысы көршілес №7, 8, 9 бөлмелер анфиладасынан тұрады. Жобалануы жағынан бір-біріне ұқсас келеді. Бүкіл құрылысты өзара бір айванмен жалғасқан екі-үш тұрғын бөлмелерден және шаруашылық бөлмелерінен тұратын, «екіқабатты үй» деп сипаттауға болады (№5,5 және т.б.). Екінші құрылыс кезеңінің қайта құрулары бүкіл тұрғын-жай кешенінің алғашқы симметриялы жобасының өн бойына маңызды өзгертулер енгізді (№4 пен 6-бөлмелердің дәлізін бітеп тастау; №10–13 бөлмелерге жаңа құрылыстар қосу және т.б.).

Қазір зерттеліп отырған Жайық қаласы мен Нижний Поволжье тұрғын-жайлары жобаларының маңызды айырмашылықтары барын атай кеткен жөн. Егер Поволжьеде қос тұрғын секциялары моңғол типтес үйлер деп аталса (жобасы төртқырлы, іргетасындағы қабырғасы

³Егоров В.Л. Жилища Нового Сарая (по материалам исследований 1959–1965 гг.)//Поволжье в средние века. М., 1970. 187-б.

⁴Федоров-Давыдов Г.А. и др. Археологические исследования Царевского городища (Новый Сарай) в 1959–1966 гг.// Поволжье в средние века. М., 1970. 79–82-б., 4-ур.

⁵Сонда. 95-б.

⁶Мухамадиев А.Г. Раскопки двойного дома на Водянском городище в 1970 г.//Города Поволжья в средние века. М., 1974. 80-б.

⁷Писарчик А.К. Народная архитектура Самарканда. Душанбе, 1975. 24–25-б.

шаршы шикі кірпіштен, үйді бөлек бөлмелерге бөліп тұрған жеңіл қалқалар және т.б. бар), Жайық қаласының тұрғын-жайларында екіқабатты болып үйлердің дәстүрлі ортаазиялық көйпі айтылады. Олардың қабырғасы бүкіл биіктігі бойы шикі кірпіштен тұрғызылған. Міндеті жағынан түрлі үй бөлмелері кезекпен есік қуыстары арқылы жалғасқан (бойлық-біліктік жоспарлау). 2001 ж. №2 қазбадан аршылған «кіші тұрғын-жайдың» жобалануы осылай болып келеді⁸. Тұрғын-жай жобасы жағынан қабырғамен бөлінген симметриялы өкі тұрғын сөкцияларынан тұратын, бөлек тұрған құрылысты көрсетеді (2-сур.). Үйге ауладан кіретін бөлек есіктер солтүстік қабырғада орналасқан. Үйге кіреберісте шаруашылық маңыздағы «сенөкке» тап боласыз (№3 және 6-бөлмелер). Осы жерде қоқыс шұңқырлары қазылған. №3 бөлменің солтүстік-батыс бұрышында күйдірілген кірпіш сынықтарынан қаланған сыпа орналасқан. Одан өрі, орталық қабырға бойындағы есік арқылы кан мен сыпа орналасқан бөлмеге өткен (№2 және 5-бөлмелер). Бөлмелер анфиладасын кішігірім бөлмелер – қоймалық бөлмелер тұйықтаған. Осында екіқабатты үйдің жоспарының өзіндік вариантын көруге болады. Ал осы тәріздес екі бөлме ортақ қабырға мен алдыларындағы аулаға ортақ есікке ие.

Жоғарыда сипатталған 2002 ж. IV қазбаның №3 тұрғын-жайы басқаша жоспарланған (4-сур.). Мұнда екі бөлмелі үй (№1–2 және №6–7) көлемді айван мен қосалқы шаруашылық бөліктері арқылы қосылған (№3–5 бөлмелер)⁹.

IV қазбаның №4 тұрғын-жайының жобасы бұдан бұрын зерттелген екі тұрғын-жайдың түрлеріне тән келеді (5-сур.). Тұрғын-жайдың тұрғын бөліктері жабық айван мен қосалқы шаруашылық бөліктері (№4, 5, 5а, 6) арқылы қосылған екі-үш бөлмелік үйлерден тұрады (1–3 және 7, 8, 9-бөлмелер) (4-сур.). Тұрғын бөлмелер бойлық-біліктік жоспарлау принципі арқылы біріктірілсе, ал барлық тұрғын-жай тұтас алғанда – көлденең-біліктік принциппен біріктірілген.

Алтынордалық қала орталықтарының поволжьелік тұрғын-жайларына тән «моңғолдық түрін» В.Л. Егоров толық түрде сипаттаған¹⁰. Алтынордалық қалалардың тұрғын-жайларының ерекше түрі – «екіқабатты үй» жайлы А.Г. Мухамадиевтың еңбегінде толық жазылған¹¹. Ал Оңтүстік Қазақстанның кейінгі ортағасырлық баспаналарының кейпі туралы Отырар қаласының, Сыр өзенінің орта ағысындағы көне қала орталықтары¹² және ортағасырлық Түркістан қаласы¹³ қазбаларының нәтижелері толыққанды мәліметтер береді. Бұл

⁸Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ержигитова А.А. Исследования средневекового города в окрестностях г. Уральска... 161-б., 12-сур.

⁹Сонда. 166-б., 23-сур.

¹⁰Егоров В.Л. Жилища Нового Сарая (по материалам исследований 1959–1965 гг.) // Поволжье в средние века. М., 1970. 172–193-б.

¹¹Мухамадиев А.Г. Раскопки двойного дома на Водянском городище в 1970 г. // Города Поволжья в средние века. М., 1974. 80 б.

¹²Акишев К.М., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Жилище позднесредневекового Отрара XVI–XVIII вв. // Жилище народов Средней Азии и Казахстана. М., 1982. 121–136-б.; Ерзакович Л.Б. Жилище позднесредневекового Отрара // Тезисы докладов сессии, посвященной итогам полевых археологических исследований в СССР. Ташкент. 188–189-б.

¹³Смагулов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А. Очерки истории и культуры средневекового Туркестана. Алматы, 1999. 166–175-б.

материалдар сол тарихи-мәдени өңірдің этнографиялық мәліметтерімен толықтырылып және үндес келеді¹⁴.

Бұл материалдар Сыр бойы өңірінде орта ғасырларда және XX ғ. бас кезіне дейін өзара есік қуыстары арқылы қосылған, екі-үш бөлмелік үйлердің кең көлемде пайдаланылғанын дәлелдейді. Тұрғын бөлменің үлкен бөлігін «П» бейнелі сыпа алып жатқан. Әдет бойынша, олар сыртқа қабырғадағы тік мұржа арқылы шығатын, сыпаға кіріктірілген тандырмамен жылытылған. Жылытудың бұндай жүйесі «кан тәріздес» атау алып, ал баспана түрі Оңтүстік Қазақстанда XIV ғ. бастап негізгі рольге ие болады.

Бөлмелерде әдетте шұңқыр-қоймалар мен қамбалар болды; тұрғын бөлмелерде негізінен орталық тіреу бағанасы болып, оған шатыр мен қабырғадағы қуыстар және т.б. сүйенген¹⁵. Өйткені бұл үй түрлеріне тән белгілер Орта Азияның солтүстік-шығыс өңірлері (Хорезм) және Қазақстанның оңтүстігімен (Сыр өңірі)¹⁶ тарихи тамырлас. Сондықтан бұл түрдің «жайықтық үйі» алтынордалық дәуірде аты аталған екі өңірдің дәстүрлі үй құрылысы әсерімен пайда болған. Осылайша, бұрын айтылған Сыр бойынан келген отырықшы қыпшақ тұрғындарының алтынордалық қалалық мәдениеттің қалыптасуына атсалысуы туралы көзқарас бұдан да әрі негізделе түседі¹⁷.

Археологиялық зерттеулер барысында келесідей заттар мен бұйымдар табылды: металдан жасалған бұйым фрагменттері; керамика фрагменттері; шыңыртырлы әшекейлік тақташаның фрагменттері; шыны моншақтар; жануарлар сүйектері және жоғарыда айтылған екі мыс монета. Бір монетада ортасынан екіге бөлінген, шаршы қалыптың (рамка) ішінде жазудың ізі байқалады (38-фото). Келесі жағында аузы айқара ашылған, құйрығы қайқиған, оңға аттап бара жатқан арыстан бейнеленген. Аңның арқасында өрлеп келе жатқан күн бейнеленген. Монетаның бұл түрі жошылық монеталардың арасында кеңінен танымал. Ол Өзбек ханның құйдырған ақшаларына жатады. Монетаның жақсы сақталған беткі жағында, шаршы картуштың ішінде «Жоғары мәртебелі қаулы» деген жазу бар. Картуштың жиектерінде «Сарай чеканы 737» деген жазу түсірілген. Санмен монетаның жасалған датасы – хижраның 737 ж. (яғни 1336–1337 жж.)¹⁸ деп белгіленген. Сірә, екінші монета да осы кезге жататын болса керек. Бірақ толық сеніммен айтуға болмайды, өйткені монетаның екі жағы да толықтай дерлік өшіріліп қалған. Монетаның диаметрі 16 мм. Монеталар мен қазбадан табылған заттар қаланың XIV ғ. шарықтағанын көрсетеді.

¹⁴Жилина А.Н. Традиционные поселения и жилище узбеков Южного Казахстана//Жилище народов Средней Азии и Казахстана. М., 1982. 137–163-б.

¹⁵Акишев К.М., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Жилище позднесредневекового Отрара XVI–XVIII вв... 125 б., 3-г сур.; Жилина А.Н. Традиционные поселения и жилище узбеков Южного Казахстана... 146-б., 1-1-сур.

¹⁶Ерзакович Л.Б. Жилище позднесредневекового Отрара как источник ... 100–110-б.

¹⁷Ерзакович Л.Б. О южноказахстанском компоненте в материальной культуре городов Золотой Орды//По следам древних культур Казахстана. Алма-Ата, 1970. 67-б.

¹⁸Янина С. Джучидские монеты из раскопок и сборов Куйбышевской археологической экспедиции в Булгарах в 1946–1952//Материалы и исследования по археологии СССР. №42. М., 1953. 436-б.; Мухамадиев А.Г. Булгаро-татарская монетная система XII–XV вв. М., 1983. 78–79-б.

2-тарау

ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚҰРЫЛЫСТАР

2.1. Шығыс моншасы

Қаланың қоғамдық құрылыстары қатарында дәл орта тұсында дерлік бой түзеген «хаммам» – монша болды. Ол екінші қайтара пайдалану үшін кейін кірпіштері алынып тасталғандықтан әбден бүлінген. Оның цоколь бөлігінің (іргетас үстіндегі үй қабырғасының төменгі бөлігінің) жапсарларын бөлшектеп (ішінара) ашудың ғана сәті түсті.

Бұл үй негізінде жертөле (жартылай жер астында салынған құрылыс) болғандықтан, оның цоколь бөлігі кем дегенде 1,2–1,3 м тереңдікте жатты. Бұл үшін алдын-ала қазандық қазылады да, оған монша тастары қойылып, басты құрылыстың едені астынан ыстық өткізетін желілер түрінде жылыту жүйесі орнатылған. Бұл ретте еден шахмат тақтасындай орналасқан кірпіш бағаналарға тірелген (38-фото). Сыртқы қабырғалар қазандықтың қалыңдығы бір метрлік қабырғаларына тығыз жұптастырылған. Моншаның оң қапталындағы қабырғасы толықтай алынып тасталған. Бар болғаны ені 2 қатарлы кірпіштен тұратын болар-болмас құрылыс бөлшегі ғана сақталыпты. Ал батыс қабырғасы тегіс бұзылғандықтан, еденде оның іздері ғана жатыр. Терістікке қараған сыртқы қабырға, сірә, кірме болса керек, кешеннің тұтастай солтүстік-шығыс бөлігі сияқты, әзірше қазба жұмыстары шептерінен сыртта қалып отыр.

Монша крест тәрізді жоспарланып салынған. Оның орталық бөлігі сегіз бұрышты болып келген де, кемі 4 м аумағында шаршылай қиюластырылған.

Орталық алаңды беньюарлар – уқалап емдеуге арналған қуыс орын ұлғайтып көрсетеді. Залдан жуынып-шайынуға арналған тұсқа апаратын өткелдер жасалған. Мұнда, сірә, «салқын» және «ыстық» су пайдаланылған сияқты. Шылапшын, леген, шаралар мен қазан қолданылған. Бұлардың кейбірі алебастр ерітіндісімен сипап ысқылайтын жабдықтарға жалғанған. Қыш сауыттардың осы түрінің көптеген көріністерінде алебастр ізі анық байқалады. Оған суық (салқын) су, сірә, үй қабырғалары арқылы тартылған құбыр бойымен жеткізілгенге ұқсайды. Осындағы үйіндіден қыш құбырлардың көптеген қалдықтары табылған. Құбырларды жалғастыратын тетіктер де көптеп кездесті. Әдетте жалғанатын тұс алебастр ерітіндісімен майланатын болған. Құбырдың үйге енгізілген ұшы арнайы қыш жабдықпен бекітіліп, бұл үшін де алебастр ерітіндісі қолданылған. Осы құбыр арқылы жуынатын орынға ыстық немесе салқын су әкелу жағы реттеліп отырған. Осындай қуысты бекітетін үш бұқтырма (14-сур.) табылған. Алтын Орданың поволжьелік орталықтарында табылған олардың кейбірін «тығындар» деп атапты¹.

Алтын Орда аймағында жиырма шақты монша қалдықтары қазба жұмыстары барысында жан-жақты зерттелді. Құрылыстың осы түрін салуда Еділ-Жайық бойында екі дәстүр

¹Федоров-Давыдов Г.А. Золотоордынские города Поволжья. М., 2001. 194-б.

болғаны, олардың екі бағытта көрініс тапқаны атап өтілген. «Рим–Византия» дәстүрі «жетіліп» жоспарланған моншаларға, ал «шығыстық» үлгісі крест тәрізді жоспарлауға саяды². Жайық қалашығында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде байқалған кейбір сипатты белгілер оларды шығыстық тұрпаттағы хаммам моншаларға жатқызуға мүмкіндік береді.

Жайық бетіндегі моншалардың пайда болу мерзімі біржақты анықтала қойған жоқ. Айталық, В.Л. Воронина күйдірілген кірпіштен крест тәрізді етіп салынған және температурасы қатал реттеліп отыратын моншалар Орта Азияда XIV ғ. пайда болды деп есептейді³. Алайда Отырарда қазба жұмыстары кезінде табылған крест тәрізді жоспарланған монша XI–XII ғғ. аяғында салынған болып шықты⁴. Әдетте мұсылмандар қаласында қоғамдық моншалар мешіттерден кейін екінші орында құрметтеліп, оның көз тартарлық сәулетіне үлкен мән беретін болған. Монша салып, пайдалану табыс әкелумен қатар, осы құрылысқа бас болған адамдардың беделін де арттыратын болған. Бұл істі тіпті бай-манаптар, қала және мемлекет басшылары да қомсынбайтын. Ұлықбектің Самарқандта Регистанға таяу «жақсы монша» салғаны мәлім⁵.

Мерзімі жағынан бізге жақындау белгілі моншалар қатарында Отырар⁶, Самарқанд⁷, Ұлы Бұлғар⁸ және Жетісудағы Антоновка қалашығының моншаларын атауға болады⁹, XI–XII ғғ. монша қалдықтары Түркістан ауданындағы Шойтөбе қалашығының (ортағасырлық Шав-ғар) іргесінен табылды¹⁰. Алтын Орда қалаларында моншалар, сондай-ақ Бельджаменде (Сулы қалашық), Селитрен қалашығында¹¹, Ресейдің Пенза облысының Мохше мекенінде табылған¹². Э. Зиливинскаяның атап көрсеткеніндей, Алтын Орда кезеңіне қатысты 20-дан астам монша мәлім болды¹³.

Демек, Орталық Азияда Алтын Орда кезеңіне тиесілі осындай құрылыстарды зерттеу деңгейі оның жалпылама көрік-бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. XIII–XIV ғғ. Азияның ұлан-байтақ аймақтарында қоғамдық моншалар тұжырымды құрылымға ие болып, негізінен

²Зиливинская Э.Д. Средневековые бани Нижнего Поволжья//Сокровища сарматских вождей и древние города Поволжья. М., 1989. 251-б.

³Воронина В.Л. Бани-хаммам у народов Советского Союза и зарубежного Востока. Архитектурное наследие. М., 1983. 145-б.

⁴Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. Алма-Ата, 1986. 141–144-б.

⁵Бабур-намэ. Ташкент, 1958. 61-б.

⁶Акишев К. и др. Отрар в XIII–XV вв. Алма-Ата. 1987. 112-б.

⁷Буряков Ю.Ф. Раскопки бань на территории средневекового Самарканда//ИМКУ. Вып. 20. Ташкент, 1986. 162–172-б.

⁸Смирнов А.П. Волжские Булгары. М., 1951. 209-б.

⁹Байпаков К.М., Воякин Д.А. Хаммам в средневековом Каялыке//Известия МОН РК. Сер. обществ. наук. 2002. №1. 120–146-б.

¹⁰Смагулов Е., Туякбаев М., Бурнашева Р., Баратов С. Отчет о полевых исследованиях Туркестанской археологической экспедиции в 2000 г. Рукопись. Архив ИА. Алматы, 2001.

¹¹Зиливинская Э.Д. Средневековые бани Нижнего Поволжья//Сокровища сарматских вождей и древние города Поволжья. М., 1989. 249–280-б.

¹²Алихова А.Е. Постройки древнего города Мохши//Советская археология. 1976. №4.

¹³Зиливинская Э.Д. Средневековые бани Нижнего Поволжья//Сокровища сарматских вождей и древние города Поволжья. М., 1989. 251-б.

бір ғана (шағын ауытқуларды қоспағанда) «типтік-тұрғылық жоба» бойынша салынған. Осы типтік-тұрғылық жобада зор маңызы бар осындай құрылысты ұйымдастырудың неғұрлым тиімді тәсілдері қарастырылған. Мамандар қазірдің өзінде-ақ, мәселен, XII–XIV ғғ. Отырар моншалары (Алтын Орданың оңтүстігі) мен XIV ғ. Бұлғар (Алтын Орданың терістік шегі) моншаларының құрылысындағы ұқсастықты атап көрсетуде¹⁴. Жуырда Жетісудың шығысында орналасқан Антоновка қалашығында тіркеліп зерттелген, тарихи Қаялыққа¹⁵ теңдестірілген монша да аталған жоба бойынша салынған. Әдетте мұндай үлгідегі моншаларды арабша «хаммам» немесе «шығыс моншасы» деп атау үрдісі қалыптасқан. Мұндай моншалардың Орта Азияда пайда болып, етек ала жайылуы В.Л. Воронинаның еңбегінде кеңінен қарастырылған¹⁶.

Жайық қалашығындағы моншалардың аумағын біз алдын-ала 110–120 м² мөлшерінде белгілеп отырмыз. Оның орталық залы (алаңы) сегіз бұрышты болып келген де, шығысы мен батыс тұсынан жуынып-шайынуға арналған шағын орындар жапсарлана салынған. Монша еден астындағы жылыту жүйесімен қыздырылған. Бүкіл құрылыстың цоколь бөлігі кемі 1,4 м жер астына қарай тартылған. Моншаға су қыш құбырларының тармақты жүйесі арқылы әкелінген. Анағұрлым жақсы сақталған Бұлғардың ілеспе моншаларында қабырғалар арқылы тартылған қыш су құбыры бойымен қажетті орындарға жеткізілетін (құйылатын) болған. Барлық орындарда қабырғалардан шығатын құбырлар астында шағын ғана қалаулар тұрған¹⁷.

Осындай моншалардың мүлдем өзгермеген үлгілерін Орта Азияда күні бүгінге дейін кездестіруге болатынын атап өткен жөн. Бұған ұқсас моншалар өткен ғасырдың өзінде Шахрияб қаласында (Өзбекстан) және Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауидің діни кешені аумағында жұмыс істеп тұрды¹⁸.

2.2. Кірпіш күйдіретін пеш

Қалашықтың шығыс бөлігін күйдірілген кірпіш өндіретін шеберханалар алып жатты. Қазба жұмыстары нәтижесінде тік бұрышты (6-сур.) кірпіш күйдіретін пештердің бірінің сақталып қалған күйдіру камерасы тазартылып алынды. Оның ішкі аумағы мынадай болды: ұзындығы 4,9 м, ені 3,25 м, биіктігі 1,8 м.

Пешті қалау үшін қалашықтың шығыс шетінде қазылған қоңыр сазбалшық қабаттарына дейін ойылған қазандық оттық камера үшін пайдаланылды. Оңтүстік тұстағы дөңбекті кеспелтеkte пештің оттығы орнатылған (39-фото). Пештің қабырғалары (жиектері) 30x30x8 см шикі өңделмеген кірпіштерден өрілген. Оттық камераға қарай күйдіріліп ұнтақталған кірпіш араластырылған сазбалшықпен 30 см еңіс жалғанған жиек тартылған.

Алдыңғы қуыстың ені 140 см, бірінші арканың ішкі бөлігіне дейінгі биіктік 85 см. Жағу камерасы күйдірілген кірпішпен өрлендіріліп, сегіз аркамен жабылған қазандық түрінде көрінеді.


¹⁴Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отрар в XIII–XV вв. Алма-Ата, 1987. 123-б.

¹⁵Байпаков К.М., Воякин Д.А. Хаммам в средневековом Каялықе. 123-б.

¹⁶Воронина В.Л. Бани-хаммам у народов Советского Союза и стран зарубежного Востока// Архитектурное наследие. Вып. 31. М., 1983.

¹⁷Смирнов А.П. Волжские Булгары. М., 1951. 216-б.

¹⁸ Свод памятников истории и культуры. Южно-Казахстанская область. Алматы, 1994.



6-сурет. Кірпіш күйдіретің пештің жобасы

кірпіштерден қаланған. Оттық камераның ішкі аумағы 2,5 м, ал ұзындығы кем дегенде 4,4 м. Оттық камера кемі жеті аркамен жабылып, ол күйдіру камерасына негіз болған. Аталған пеш XII–XIV ғғ. қатысты¹⁹.

Сірә, алтынордалық Еділ мен Жайық қалаларына кірпіш күйдіру пештерінің мұндай үлгілері Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстаннан әкелінсе керек.

Алтын Орда кезеңіне қатысты мұндай пештердің үлгілері Хорезмде, ежелгі Отырар түбінде және Құйрықтөбе²⁰ қалашығында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде белгілі болды.

¹⁹Пацевич Г.И. Печь для обжига кирпича в древнем городе Сарайчике. Краткие сообщения Института истории материальной культуры. Вып. 69. М., 1957. 111–114-б.

²⁰Вишневская О.А. Раскопки караван-сарая Ак-Яйла и Талайхон-Ата//Археологические и этнографические работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиции 1949–1953 гг. Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции. Т. II, М., 1958. 462-б.; Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отрар в XIII–XV вв. Алма-Ата, 1987. 178–186-б.

Оттық камерада аркалар арасында бірыңғай ойық қалдырылған. Ойықтарда кірпіштер көлбеу төселген де, оның биіктігі 4–6 кірпіш аралығында болып келеді. Кірпіштердің көлемі 30x30x8–10 см, 32x20x10 см.

Сегіз арканың арасында алдыңғы тұстағы жалғыз арка ғана толық сақталған. Сол арқылы бүлінген басқа аркаларды тегіс қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді (39-фото). Арканың еден деңгейінен биіктігі 165 см, ені 325 см, іргелі құрылысқа қарай ол 10 см ұзарады. Арканың құлпы ретінде сыналанып кертілген кірпіш қолданылған. Арканың иілген бөлігі мен қазандық жиегі арасындағы кеңістік құлыптан құрылыс іргесіне дейін көлбеулетте қаланған кірпіштермен толтырылған. Арканың ішкі жағы қалың етіп майланып тасталған. Пештің оттығын зерттеу жұмыстары оның талай рет жөнделгенін көрсетті. Мұны жағылған майлы қабаттардан да аңғаруға болады. Жайық қалашығында зерттелген кірпіш күйдіруге арналған пеш осындай өндірістік құрылыстың нақтылы үлгісі болып табылады. Бұған таяу әрі жақын келетін пеш үлгісі Сарайшық қалашығында зерттелді. Ол да тік бұрышты, солтүстіктен оңтүстікке қарай бағдарланған және 36–37x36–37x7–8 см көлемінде

3-тарау

ЖАЙЫҚ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚОРЫМЫ

Жайық қаласынан солтүстік-батысқа қарай 2 шақырым жердегі некрополь Свистун-гора тауында орналасқан. Ал шығысқа қарай Орал (Жайық) өзенінің жағасында ол Борлы таулар деңгейімен ұштасып жатыр. Осы үстіртте көрінген обаға ұқсас төбеден күйдірілген кірпіштің сынықтары табылды. Мұндай барлығы бес төбе бар болып шықты. Қазба жұмыстары көрсеткеніндей, ол мұсылман мазарларының қалдықтары екен.

3.1. Кіші мазар

Бұрынғы Свистун-гора тауы бөктерінде бидай егістігі болғандықтан, төбешік еңістігі небәрі 0,4–1 м-ге дейін жетеді. 2002 ж. жүргізілген осындай төбелердің біріндегі қазба жұмыстары оның астында күйдірілген шаршы кірпіштен салынып, жартылай хромды шыңыртырлы жақташалармен әрленген екі камералы мазардың қалдықтары жатқанын көрсетті (7-сур.).

Бұрын бидай өсірілген бұл төбешік талай рет жыртылған көрінеді. Оның сақталған биіктігі 0,8 м-ге жуықтайды. Жыртылғанға дейін ені 32–36 м шамасында болған бұл қорған негізінен топырақ үйінділері мен күйдірілген кірпіш сынықтарынан тұрады.


Қазба жұмыстарынан байқалғандай, сыртқы және ішкі құрылыстар, тіпті едендер де ұрланып, талан-таражға ұшыраған. Оның қазіргі күйінен жалпы көлемі мен осы мемориалды құрылыстың кейбір ерекшеліктерін ғана шамалап топшылауға болады (40-фото). Екі құрылыстың әрқайсысында еденнің жартысы ғана сақталған. Сірә, күйдірілген кірпіштерден тұрғызылған барлық құрылыстар сияқты, мазарлардың құлап қалған орны құрылыс заттарының қоймасына айналса керек. Тонаушылар әрлеу үшін пайдаланылған шыңыртырлы жақташаларды құрылыс қабырғаларынан сындырмай алғанға ұқсайды. Құрылыс іргетассыз салыныпты. Оның орнына күйдірілген кірпіш үш қатар етіп қаланыпты. Үйдің қабырғаларын тұрғызу үшін «қара» сазбалшық пайдаланылған. Кірпіш көлемі 25–26x25–26x5 см, сондай-ақ жартыкеш кірпіштер де қолданылған.

Мазардың сыртқы көрінісі екі күмбезді, аумағы 9x12 м, тік бұрышты ғимаратты елестетеді. Құрылыстың ұзындау бөлігі оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай бағытталаып, шығысқа қарай 30°-қа ауытқыған. Оның оңтүстік-батыс қабырғасы портал түрінде безендірілген. Құрылыстың орта тұсында № 1 бөлмеде кіреберісте бірең-саран кертілген кірпіштер сақталыпты, оның қалыңдығы 2,25 м болса, ал басқа қалған қабырғалардың қалыңдығы 1,75 м (41-фото). Осы қабырға қатты бүлінгендіктен, порталға кіретін қуыстың ені мен тереңдігін болжау мүмкін емес. Дегенмен де порталды қуыстың қабырғадан шығып тұратын пилондары болмағаны анық. Порталды қуыстың орта тұсы-

нан өтетін кірме арқылы зиратхана аталған № 1 бөлмеге кіруге болатын. Оның тік бұрышты ауқымы 5,5x3,5 м. Осы жайға кіреберістің сол және оң жақ қапталдарында, шығыс және батыс қабырғалары бойында ені 1,25 м және биіктігі 0,4 м-ге жуық аласалау сыпалар (7-сур.) орналасқан. Олардың құрылыс жиектері шаршы кірпіштермен қаланса, ал ішкі жағы қара сазбалшықпен сыланған. Сірә, оның ені және үйдің бүкіл аумағы шығыс және батыс қабырғалардағы қуыс кеңістіктер есебінен ұлғаюы мүмкін. Бөлменің 2,75x3,5 м едені күйдірілген шаршы кірпіштен қаланған. Бұл үшін әк қоспасы қолданылған. Бұдан әрі солтүстік қабырғаның орта тұсындағы кірме (оның іздері байқалмайды) арқылы көрхана болып саналатын №2 бөлмеге кіруге болады. Ол 5,5x5,5 шаршы метр аумақты алып жатыр. Сірә, оның көлемі де қабырғалардағы терең қуыстар есебінен ұлғайса керек. Қабырғалар еденге дейін алынып кеткендіктен, мұның анық-қанығына жету дәл қазір мүмкін емес.

Еденнің орта тұсы алты бұрышты күйдірілген кірпіштен қаланған (42-фото). Кірпіштің көлемі бұрыштан бұрышқа дейін 27 см. Ол кәдуілгі шаршы кірпіштермен қоршалған. Оңтүстік, батыс және шығыс қабырғалар бойымен шаршы кірпіштер бір қатарға, ал солтүстік қабырғаның бойымен төрт қатар етіп қаланған. Сірә, құрылыстың дәл осы жағынан ені 1,25 м сыпа тартылса керек. №2 бөлменің еденінде күйдірілген кірпіш екі қатар етіп қаланған. Материкте 5–7 см сары сазбалшық қабаты жатыр, оның бетіне 7–10 см қара топырақ төселген. Осы қабатқа күйдірілген шаршы кірпіштер қаланса, ал оның бетіне алты қырлы кірпіштер төселініпті (43-фото).

Төбешіктегі жалғыз қабір орны дәл орта тұсында дерлік терістіктегі қабырғаға таяу суфа алдында орналасқан. Тереңдігі 1,6 м, ұзындығы 2,55 м, ені 1,15 м зират шұңқыры ұзындау Ш-Б белдеуімен бағдарланған (44-фото). Оның бетінде еденнің кірпіш төсеніші болған жоқ, ал шұңқырға толтырылған көптеген әртүрлі плиткалар мен кірпіштер табылды. Зират шұңқырының табанына дейін, оның қабырғаларына кірпіштер төселіпті, демек, сағана қаланған. Жартыкеш кірпіштер де пайдаланылғанға ұқсайды. Зират шұңқырындағы кірпіштердің сапасы оның қабырғалары мен едендері үшін пайдаланылған кірпіштерден ерекшеленеді. Жерлеу камерасының ішкі ауқымы 2,0x0,7 м. Мұндағы заттар, зират сағанасындағы кірпіштердің едәуір бөлігіне дейін тегіс дерлік ұрланған. Сондай-ақ жерленген адам сүйектерінің көбі табылған жоқ. Бар болғаны бас сүйектері, аяқ-қолдың ұзын сүйектері, жамбас сүйектерінің бөлшектері табылды. Адамның бас сүйегі мен басқа да бірнеше сүйектері зират шұңқырының солтүстік-батыс бұрышында, жәшік сынықтары арасында жатты. Үйіндіден күйдірілген кірпіш сынықтары мен ағаш кесектері көрінді. Еденнен сағана жағынан темір шақпақ, тастың оттығы, шегелер (16 дана), қола сылдырмақтар (2 дана), кішірек темір пышақ, темір қоңырау табылды (6-сур.). Шегелердің көлемі бірыңғай: ұзындығы 8–9 см, қапталған 7x8–7x8 мм мөлшерінде шаршы болып келген. Шегенің «бүркеншігі» бір жағына қарай қисайған, оның ұштарынан тақтай жаңқаларының іздері байқалады. Сірә, осы шегелермен табыт тақтайшалары бекітілсе керек. Мазарды тазарту кезінде дөңгелек «бүркеншігі» бар қап-



7-сурет. «Кіші кесененің» жобасы

талған ірі шегелер табылды. Бұлардың ұзындығы 18,5 см және шаршы болып келеді. Домалақ қола сылдырмақтардың биіктігі 3 см, оның екі бөлігінің көлемі 2,4 см. Тік бұрыштанып дөңгелене біткен сылдырмақтың жоғары бетіне сақина көзі дөңкерленген. Түзу темір пышақтың ұзындығы 11 см, арқасының қалыңдығы 0,5 см, үш жағы 0,7 см болып келген. Пышақтың жүзі сына төріздес біткен.

Құрылыс ерекшеліктері мен оның сапалық сипатына қарай осы архитектуралық ғимаратты порталды-күмбезді бойлық-біліктік екі камералы мазар деп атауымызға болады. Орталық Азияда мазарлардың бұл түрі XIV ғ. екінші жартысына қарай бой көтере бастағаны мәлім. Ал осы XIV ғ. аяғына таман сәулетшілердің бұл бағыттағы шығармашылық ізденісі

езінің шарықтау шегіне жетті¹. Алтын Орда мемориалды сәулетшілігі үшін Солтүстік Кавказдағы Пятигорск² төңірегінде зерттелген бір камералы мазарлар біршама үлгі боларлық құбылыс. Мұндағы жерлеу салты бойынша марқұмның бас жағы солтүстік-батысқа қаратылып, қасында киім-кешектері мен жеке заттары жатады, зират шұңқырларының түбінде ағаш қабірдегі кірпіш сағана ислам дінін қабылдағанына көп болмаған көшпенділердің жерлеу әдісіне сәйкес келеді³.

3.2. Үлкен мазар

Свистун-гора тауында жыртылмаған жалғыз төбе бір кезде картада 84 белгісімен көрсетілген тригопункт орнатылған неғұрлым ауқымды, әрі биік төбешік болып отыр.

Мұнда 2002–2003 жж. тиісті жұмыстар жүргізілді. Төбешік пайда болған қалыңдығы екі метрге жуықтайтын құрылыс қалдықтары астында үлкен мазардың (9-сур.) архитектуралық қалдықтарының сақталғаны белгілі болды⁴.

Қазба жұмыстары жүргізілгенге дейін төбешік солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып, шығысқа қарай сәл ғана (10°) ауытқып жатқан. Оның аумағы 50x37 м, биіктігі 2,5 м. Төбешіктің солтүстік жиегінде шығыс пен батысқа қарай диаметрі 10–15 м, тереңдігі 1,2–1,8 м қатарластыра орналастырылған екі дөңгелек шұңқыр болған.

Сонымен қатар, негізінен оңтүстік жағынан орналасқан және жақын арадан аса айқын көрінетін, кезінде қоршалған аумағы шамамен 50x25–27 м тік бұрышты алаңқай әлі күнге дейін толық ашылған жоқ.

Әзірше аула қабырғаларының ұзындығы 17,3 м, қалыңдығы 1,9 м шығыс бөлігі тазартылады. Қабырғалары көлемі 22x22x6 см күйдірілген шаршы кірпіштерден қаланған, жоғарыға қарай қабырға екі қатарлы келеді, үстіңгі бөлігі көлемі 22x2x6 см және 40x20x7 см өңделмеген шикі кірпіштерден тұрғызылған. Құрылыс қабырғаларының жиектері күйдірілген кірпіштермен, оның ішкі бөлігі шикі кірпіштермен қаланған (45-фото).

Төбені төртбұрыш пішінді (25–26x25–26x5 см) кірпіш үгіндісі мен сынықтары алып жатқанын бірінші маусымдағы жұмыстар көрсетіп берді. Тригонопунктқа таңдап алынған реперден оңтүстік бөлік бойымен 5 м жерде бір күрек алынған соң қам кесектен қаланған екі үлкен батыс және шығыс қабырғалар аршылды. Олар оңтүстіктен солтүстікке

¹Маньковская Л.Ю. О типологии мемориального зодчества Средней Азии. Мавзолеи Фудины и Касби//Культура и искусство народов Средней Азии в древности и средневековье. М., 1979. 102-б.

²Ртвеладзе Э.В. Два мавзолея золотоордынского времени в районе Пятигорья//СА. 1969. №4. 262–265-б.


³Егоров В.Л., Федоров-Давыдов Г.А. Исследование мечети на Водянском городище//Средневековые памятники Поволжья. М., 1976. 139–158-б.

⁴2002–2003 жж. қорымдағы жұмыстардың нәтижесі туралы қараңыз: Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ахатов Г.А. Некрополь Уральского городища//Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. Вып.1. Уральск, 2002. 168–184-б.; Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ахатов Г. Исследования «Большого мавзолея» на некрополе Уральского городища//Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. Вып. 2. Уральск, 2003. 142–162-б.

қарай созылған, яғни төбенің орталық өзегінің бойымен, бір-біріне қатар орналасқан. Ара-қашықтығы 7 м (45-фото). Олардың қалыңдығы 2,5 м-ге жуық. Сыртқы жиегі екі қатар қам кесектен (көлемі 40x25x9–10 см, 30x25x8 см) қаланып, ішкі бөлігі құрылыс қоқысы – қам кесекпен күйдірілген кірпіш сынықтарымен толтырылған.

Оңтүстік жағынан 2,45 м тереңдікте тығыз кірпіштер мен топырақ астынан батыстан шығысқа қарай күйдірілген шаршы кірпіштер төселгені байқалады. Оның ені 2,5 м, шығыстан батысқа қарай ұзындығы 16,5 м. Жекелеген бөлікшелерде кірпіштердің әртүрлі қалыңдықтағы (1–6 м) қабаттары сақталған. Сыртқы жаққа негізінен тұтас және жартылай шаршы кірпіштер қаланса, ал ішкі жаққа кірпіш сынықтары толтырылыпты. Төсеніштің үшінші қабатынан, осы қабырғаның оңтүстігі мен оңтүстік-батыс жағына қарай күйдірілген шаршы кірпіштен еден төсеніші қойылған. Мұның алаң төсеніші екенін кірпіш беттерінің қатты жұқарғаны көрсетіп тұр. Мұның үстіне оның бәрі дерлік шатынап жарылып кеткен. Дәл осындай төсеніштер құрылыстың батыс жағы мен соған таяу қабырғалар жанынан тазартылды.

Аршылған шитті қабырғалардың сақталған биіктігі еденнен 0,95–1,0 м жоғары тұр. Олар терістікке қарай күйдірілген кірпіштерден қаланған төсенішке жалғасады. Сыртқы оңтүстік жиектің бойымен батыс және шығыс бөлікшелерде осы төсеніштердің 4–5 кірпіш қабатында қалыңдығы 15–18 см ағаш бөрене енгізіліпті. Олар төсеніштің оң және сол қапталына қарай төселінген, бұдан кірпіш бетінің қатты жұқарғаны байқалады. Еңістің ені шамамен 3,8–4 м болған. Сірә, бұл еңіс тесігі емес, ортасында мазардың бірінші бөлмесіне кіргізетін есік қуысының орны болса керек. Төбешіктің батыс бөктерінің бойымен жүргізілген қазу жұмыстарын кеңейту кезінде құрылыстың батыс қабырғасының төсеніш белгілері табылды. Бұл



8-сурет. Қаладан шыққан олжалар

қабырғаның қалыңдығы 1,95 см, төсеніштің 8 қабат биіктігі сақталыныпты. Оның сыртқы жағынан төсеніштің 4–5 қабаттары деңгейінде қабырғаға қалыңдығы 18 см ағаш бөрене қағылған. 2000 ж. жұмыстардың көрсеткеніндей дәл осы төсеніш мазардың бірінші бөлмесінің батыс қабырғасының қалдығы болып табылады (46-фото). 2002 ж. жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ғимараттың басты (оңтүстік) қасбеті ашылды, оған оңтүстік пен батыс жақтан жапсарласқан ауқымды алаңның (47-фото) көрінісі біршама тазартылып, анықталды⁵. Жалпы мазарды біз 2003 ж. маусымда ашқан едік.


№1 бөлме порталдың сыртында орналасқан, оған осы бөлмеге кіретін есік қойылған. Оның ауқымы 4,4x4,4 м. Кіреберістің оң және сол қапталынан бүкіл ендікті алып жатқан терең екі жай тұрғызылған (тереңдігі 2,2 м, биіктігі 45–50 см). Осындағы сыпалар бөлменің көлемін екі есе кеңейтіп тұр (9-сур.). Оның жиектеріне күйдірілген шаршы кірпіштер төселген де, ішіне қара қошқыл топырақ құрылыс қалдықтары төгілген. Егер сыпалар аркамен қоршалған болса, онда №1 бөлменің аумағы екі есе ұлғайып, көлемі 8,8x4 м тік бұрышты қалыпқа ие болады да, ал оның орталық шаршы бөлігінде күмбезді жамылғы болған деп жобаланады. №1 бөлменің бүкіл орта тұсын тегістей тік бұрышты қалыптағы басты сыпа алып жатыр (9-сур., 48-фото). Оның сақталған биіктігі 34 см (күйдірілген кірпіштің бес қабаты), ауқымы 275x220 см. Платформа жиектеріне 2–3 қатар шаршы кірпіштер төселген де, іш жағына топырақ пен сынған кірпіштер төгіліпті. Бөлменің еденіне екі жақтан (О-Ш, С-Ш) алты бұрышты көгілдір плиткалар қаланған (48-фото). Бұл төсеніштің ені солтүстік-шығыс жағынан 80 см. Мұндағы көгілдір плиткалар әбден жұқарып шытынаған, кей жерлері мүлдем көрінбейді. Еденнің басқа қалған бөлігі 23–24x23–24x5 см. Күйдірілген кәдуілгі шаршы кірпіштермен әрленген мұндай кірпіштер бүкіл құрылыстың қабырғаларын төсеу үшін пайдаланған сияқты. Осы тұста қабырғалардың сыртқы жағында жартыкеш кірпіштер (11,5–12,5x24–25x5 см) қаланғанын, ал мұның өзінде көлемі 20x25x5 см, 21x24x5 см және басқа да кірпіштер кездесіп қалатынына назар аударған жөн. Құрылыстың ерекшелігіне келетін болсақ, оның шығыс қабырғасы батыстағы тұсына, қарағанда біршама қалыңдау тиісінше 2–2,1 м және 1,95 м болып келген.

№1 жайды №2 бөлмеден қалыңдығы 205 см қабырға бөліп тұр⁶. Кейін анық болғанындай, бұл мазардың басты бөлмесі – «көрхана» екен. №2 бөлменің ішкі аумағы 8,8x8,8 м. Оның бүлінгені соншалық, тіпті едендегі кірпіштер де ұрланыпты. Мұнда төсеніш болғанын оның іздері көрсетіп тұр; шаршы кірпіштер қабаттарының кейбір қалдықтары мен оңтүстік қабырға бойына төселген көгілдір плиткалар сынықтары сақталған.

№2 бөлменің есік қуысы алдында, оңтүстік қабырғадан 1 м жерде күйдірілген кірпіштермен араластырылып төселген, көлемі 65x65 см, биіктігі 50 см «тумба» табылды (49-фото). Оның

⁵Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ахатов Г.А. Некрополь Уральского городища... 172-б. Бұл алғашқы мақаламызда Үлкен және Кіші мазарлар «порталды-күмбезді» деген ағаттықтар жіберілген. 2003 ж. жұмыстардың қорытындысы бұл ескерткіштерді «фасадтық екі камералы мазарлар» түріне жатқызуға мүмкіндік береді.

⁶Есік қуысының енін бұл жерде де жоғарыда айтылған себептерге байланысты анықтау мүмкін болмады.



9-сурет. «Үлкен кесененің» жобасы

ағаш бағана тіреуіштің табаны деуге болады. Өйткені «тумба» мазардың дәл ортаңғы белбеуінен көрінеді. Алайда оның кіреберісте орналасуы және солтүстік қабырғадан бұлардың іздерінің байқалмауы әзірше мұндай болжам жасауға мүмкіндік бермей отыр. Осы бөлмеде алты ересек адамның, қайтыс болған бес баланың мәйіті аршылды (50, 51-фото). Марқұмдардың бас жағы құбылаға қарап жатыр. Жерлеу ерекшеліктері де бірден байқалады: төрт баланың денесі батыс қабырғаға кіре берісте сол жақта, ал ересектердің төртеуі шығыс қабырға түбінде, екеуі бөлменің орта тұсында орналасқан. Бір ғана баланың денесі (№11) көрхананың шығыс қабырғасы түбінен, оның солтүстік-шығыс бұрышынан табылды.

3.3. Жерлеу

Солтүстік қабырғадан 1,9–2,0 м жерде №2 бөлменің солтүстік жағының орта тұсында тік бұрышты платформа-мастабаның іздері сақталыныпты. Оның көлемі 3,0x2,8 м. Қазір биіктігін анықтау мүмкін емес, сөйтсе де №1 бөлменің платформасы 0,5 м-ге жуық болды деген болжам бар. Оның жиектеріне әк араластырыла бір қатар күйдірілген кірпіштер төселген. Мастаба мүлдем бүлдіріліп, тоналған (49-фото). Бұған қарағанда оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс бұрыштардың іздері анығырақ сақталған. Көрханада басқа қабірлердің беті еденге дейін бүлініп қалғандықтан, әдетте мұндай жағдайда кездесіп қалатын құлпытастар байқалған жоқ (50, 51-фото). Осы платформа астындағы екі қабір де (№1 және 5) бүлініп, қолды болыпты (52-фото). Бұлардың бүкіл кешендегі басты және мүмкін бастапқы да қабірлер болғаны анық.

№1 қабір еденнен 0,86 м төмен, көлемі 2,10x0,76 м тік бұрышты кірпіш сағанадан құралған. Сағана қабырғаларының сақталған биіктігі – 0,66 м. Оның едендеріне шаршы және тік бұрышты күйдірілген кірпіштер төселген (52-фото). Сағана шаршы және тік бұрышты кірпіштермен көмкерілген. Зират шұңқыры күйдірілген шаршы кірпіштермен, сондай-ақ ақ бояу қалдықтарымен толтырылған. Мұнда №5 қабір шұңқырын толтырған тәрізді алтын әріптермен жазылған плиткармен қатар, түсті жұқа өрлеуші заттардың қалдықтары кездесті. Қабір бүлініп тоналғандықтан, марқұмның сүйектері қатар орналасқан №5 қабірде жатты. Сағананың табанында, батыс және шығыс қабырғалар түбінде темір шегелердің, ағаш табыт бекітілген қапсырма темір иінділері, қолдың екі саусағының белгілері табылды. Кіші мазардың табыттарынан табылғанындай⁷ шегелердің көлемі 10 сантиметрден 12–13 см-ге дейін болды.

№2 қабір бөлмеге кіре берістегі оң жақта шығыс қабырғаға таяу орналасқан (9-сур., 53-фото). Зират шұңқырының көлемі 2,35x1,20 м, тереңдігі 1,15 м. Ұзын (солтүстік және оңтүстік) қабырғалардың бойымен ені 20 см арқалықтар тартылған. Сірә, олар ағаш немесе кірпіш жамылғылар төсеу үшін қажет болса керек. Жамылғы іздері байқалған жоқ. 80 см ендікте ағаш табыттың белгілері табылды. Бас жағы құбылаға қараған марқұмның сүйегі аршылды. Зират шұңқырын толтырылған өрнекті кірпіш қалдықтары табылды. Құрал-саймандар мен аспаптар табылған жоқ.

№3 қабір №2 қабірге таяу, қатар орналасқан. Оны тазарту кезінде 45 см тереңдікте күйдірілген шаршы кірпіштер үйіндісі табылды. Сірә, бүлінген сағана жамылғышының қал-

⁷Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ахатов Г.А. Некрополь Уральского городища... 179-б., 11–13-сур.

дықтары болса керек. Табыт 1,1 м тереңдікте көлемі 2,4x1,34 м тік бұрышты шұңқырға қойылған. Оның ұзын жақтарының бойында биіктігі 35 см, ені 24 см-ге жететін (54-фото) арқалықтар тартылған. Оған күйдірілген шаршы кірпіштер төселіпті. Сақталған биіктігі алты қатар (оңтүстік) және толық емес үш қатар (солтүстік). Қабір жабдықтары ұрланған, марқұмның сүйектері шашырап жатыр. Солтүстік қабырға бойында бас сүйектің қасында ою-өрнекті қызыл түсті ағаш табыттың тақтайлары сақталыпты. Аспаптар мен құрал-саймандар жоқ. Зират шұңқырын тазарту кезінде киімнің мата кесектері, шыңыртырлы жұқа кірпіштердің кесінділері, ағаш тақтайлардың, темір шегелердің, ені 2,8 см пластина қалдықтары табылды.

№4 қабір бөлме кіреберісінің сол жағында, батыс қабырғаға таяу орналасқан. Зират шұңқыры жоғарыда, көрхананың едені деңгейінде күйдірілген шаршы кірпіштер қаланған. Кірпіш қабаттары алынғаннан кейін көлемі 1,4x0,85 м зират дағы анық байқалды. Зират шұңқырының солтүстік қабырғасында 75 см тереңдікте көлемі 1,28x0,5x0,35 м «ляхад» салынған. Марқұм табытқа қойылған. Оның сүйектері нашар сақталған, бас жағы құбылаға (батысқа) қарап жатыр (55-фото). «Ляхад» көлемі 40–42x24–26x7–9 см шитті кірпіштермен (15 дана) жабылған (56-фото). Құрал-саймандар мен мүліктер, заттар жоқ.

№5 қабір №1 қабірмен бір қатарда (52-фото) орналасқан. Ол еденнен 1 м тереңдікте, көлемі 2,35x1,2 м, «арқалығы» бар, топырағы аршылған шұңқырға жерленген. Еден мен қабырғалардың төменгі бөлігіне кірпіштер төселмеген. Жоғары жақта күйдірілген шаршы кірпіштерді арқалыққа төсеу арқылы зираттың қабырғаларына табыт тәріздес қалып беріліпті. Оның ұзындығы 1,9 м, батыс қабырғасының ені 75 см, шығыс қабырғасының ені 56 см, биіктігі кірпіштердің төрт қатарына тең. Қалдықтарға қарағанда қабір шаршы кірпіштермен жабылған. Табытты орнынан қозғағандықтан сағанада екі сүйек жатты (сірә, оның біреуін қасындағы №1 қабірден лақтырып тастаса керек). Аспаптардың арасынан темірдің жалпақ тілігінің (пластинка) белгілері, бес шеге, ағаш жаңқалары және трапеция тәріздес шыңыртырланған жылтыр тақташалар табылды. Шұңқырды толтырған кезде сағана тақташамен жабылған болса керек. Көрхананың шығыс қабырғасының бойында ересек марқұмдардың төрт табыты қойылыпты (№2, 3, 6, 7 табыттар).

№6 қабір №3 қабірге қатар орналасқан. Марқұм барлық төрт жақтың өн бойында арқалықтары бар зират шұңқырына жерленіпті. Өртүрлі қалыптағы плиткалардан жасалған арқалықтарда сағананың трапеция тәріздес қалыптағы қабырғалары қойылған (57-фото). Сағананың көлемі мынадай; ұзындығы 2,27 м, батыс қабырғасының ені 1 м, шығыс қабырғасының ені 80 см. Сағанадағы ағаш табыттың көлемі мынадай: ұзындығы 1,80 см, бас жағындағы ені 54 см, аяқ жағындағы ені 25 см, биіктігі 30 см. Талан-таражға салудың кесірінен жамылғының солтүстік бөлігі бүлінген. Сағана жамылғысы көгілдір тақташалармен, сонан соң күйдірілген шаршы кірпіштермен төселген. Сағананың солтүстік-шығыс бұрышында 10 см тереңдіктен қабырға, жон арқа, омыртқа, жамбас сүйектері табылды. Табыттан темір шегелер (ұзындығы 8,5 см, 2 дана), марқұмның аяқ киімі табылды. Сағананы салу кезінде көлемі 12x10x3 см трапециялы, көлемі 22–22, 5x20–22, 5x3–4 см тік бұрышты тақташалар пайдаланылған.

№7 қабір. Көлемі 2,25x1,1 метр және тереңдігі 0,8 м арқалықтары бар зират шұңқырының ішінде ешқандай конструкциялар жоқ. Ұзындығы 2,0 м және ені 55–40 см ағаш табыт шұңқырдың дәл табанына орнатылған. Ұзындығы 1,7 м сүйек табыттың ішінде жатыр, бас сүйек жоғары қаратылған. Қолдың саусақтары жамбас сүйектерімен араласып жатыр, аяқтары айқасып қалған. Бас сүйектен алтын жалатылған екі сырға табылды.

Мұның алдында атап өтілгеніндей, №4, 8, 9, 10 балалар қабірлері батыс қабырғаны жағалай орналастырылған, тек №11 қабір ғана көрхананың солтүстік-шығыс бұрышында болып шықты.

№8 қабір №4 қабірмен қатар орналасқан. Марқұм көлемі 1,1x0,6 м шұңқырға жерленген. Оның қабырғаларының төмендеу тұсына үш қатарға күйдірілген кірпіштер қаланып, сағана тұрғызылған. Жамылғыны тонаушылар бүлдіріп кеткен, 53 см тереңдіктен нашар сақталған бала сүйегі бар ағаш табыттың белгілері табылды. Оны тазарту кезінде геометриялық және өсімдік бейнеленген өрнектері бар тақташалардың кесінділері байқалды. Құрал-саймандар мен мүліктер жоқ болып шықты.

№9 қабір №8 қабірмен қатар орналасқан. Марқұм көлемі 1,1x0,55 м шұңқырда 0,51 м тереңдікте жерленген. Зират шұңқыры қабырғасының табанына 30 см биіктікте күйдірілген кірпіштер төселген. Баланың ағаш табытынан ағаш жаңқалары ғана сақталған. Сағана күйдірілген шаршы кірпіштермен көмкерілген тәрізді. Шұңқырдан көлемі 16,5x16,5x2 см алтын әріптермен жазылған әшекейлі тақташалардың белгілері кездесті. Құрал-саймандар мен жеке мүліктер жоқ (58-фото).

№10 қабір №9 қабірге таяу және қатар орналасқан. Марқұм көлемі 1,4x0,80 м (сыртқы ауқымы) шұңқырда 0,50 м тереңдікте жерленген. Зират шұңқырының табанында, қабырғаларының 25 см жоғары бетінде күйдірілген кірпіштер қаланған. Қаңқа сүйек нашар сақталған. Зират шұңқырының ішінде геометриялық және өсімдіктер бейнеленген әшекейлі тақташалардың белгілері мен оның басқа да түрлері кездеседі.

№11 қабір көрхананың солтүстік-шығыс бұрышында №7 қабірге таяу және қатар орналасқан. Тазарту кезінде 20 см тереңдікте солтүстік қабырғалар жанынан күйдірілген үшбұрышты екі кірпіш табылды. Марқұм 80 см тереңдікте ені 10 см ұзын жақтардың бойында арқалықтары бар топырақты шұңқырға жерленген. Қаңқа сүйек нашар сақталған. Осы тұстан темір шегелердің, тақтайдың (табыттыкі болуы керек) белгілері табылды. Зират шұңқырының ішінен трапециялы тақташа, боялған әрлеу заттарының белгілері кездесті.

3.4. Археологиялық олжалар

Сонымен осындағы құрылыс қалдықтарын аршып, тазарту жұмыстары мұнда XIV ғ. аса ауқымды мемориалды сәулет ескерткіштері, бойлық-біліктік етіп жобалаған екі камералы қасбеттік мазар салынғанын көрсетті. Құрылыс заттарын қайталап пайдалану мақсатымен ғимаратты көпе-көрінеу қиратып, бүлдірудің салдарынан құрылыс жобасының (конструкциясының) нашар сақталуы осы бірегей ғимараттың бастапқы көркін толық және

сол қалпында жаңғыртуға (елестетуге) мүмкіндік бермей отыр деп санаймыз⁸. Соған қарамастан қазба жұмыстарының қазіргі қолда бар нәтижелері басты сипаттарын алдын-ала қайта жобалауға мүмкіндік бар. Құрылыстың басты ауқымы көлемі 12,85x19,5 м тік бұрышты параллелепипедтен (яғни қарама қарсы жақтары өзара қос-қостан параллель болатын алты қырдан) көрінеді. Оның үстінен тиісті барабандарға орнатылған, сірә, шатырлы болса керек, әртүрлі екі алып күмбез бой түзеп, шыңыртырланған көгілдір тақташалармен көмкерілген. Ғимараттың басты (оңтүстік) қасбеті кең (4 м-ге жуық) орталық кірме күмбез тәрізді қуысы бар монументті портал (ғимараттың қасбетіне салтанатты сипат беру үшін қолданылатын архитектуралық элемент) түрінде көз тартатын болған. Сірә, ол басқа қасбеттердің қабырғаларынан біршама жоғары тұрса керек. Порталдың батыс және шығыс жиектері шеткі фасадтардан 2 м шығыңқы болғандықтан, қасбеттің жалпы ені 17 м-ге дейін ұзарған. Дәл осы тұста, басты қасбеттің жиектері бойымен мұнаралар бой түзесе керек. Басты қасбет пен кіре беріс қуыс ашық. Көк және көгілдір түсті өсімдіктер әлемі және геометриялық бейнелермен әшекейленген шыңыртырлы тақташалармен безендірілген. Сірә, кірме арка қуысын қамтыған басты сәндік «П» тәріздес белбеуде көк фонда ірі ақ әріптермен жазылған таныстыру болса керек. Қапталдағы қасбеттерде қызыл түсті кірпіш төсеніштер көз тартарлық. Мазардың басты қасбеті алдында күйдірілген тік бұрышты шаршы кірпіштерден төселіп, қоршалған сарай (алаңқай) бой түзеген. Әзірше сарай ауласы толық тазартылған жоқ, соған қарамастан мұнда да Ұлытаудың (XIV ғ.)⁹ Жошы хан мазарының қасбеті алдындағы сияқты қабірлер болуы мүмкін деген болжам бар.

Бөлменің ішкі көрінісінде көкшіл түске алтын әріптермен жазылған шыңыртырлы көк тақташалардан құрастырылған биік декоративті сәндік панель көзге түседі. Жоғары жақтағы мұқият әрленген қабырғаларда ақ фонға полихромды жазба белгілері таңбаланыпты. Көрхананы тазарту кезінде түсті әрлеудің әртүрлі ұсақ белгілері жиналды. Алғашқы бөлменің кеңдігі 4,4x4,4 м-ге жетеді. Оның ауқымы сыпаны қарама-қарсы екі терең қуыс есебінен едәуір, екі есеге жуық ұлғайтқан. Бұл бөлме Хорезмде «зиарат-хана» немесе «тилау-хана» қызметін атқарып, мұнда келушілер Құраннан қасиетті сүрелер оқып, Алла-тағалаға сиын-

⁸Белгілі болғандай, XVII–XIX ғғ. Еділ бойы мен Орал маңайын отарлауда Ресей үкіметі қала-бекіністерді салу кезінде «хан шатырларын қиратып», олардың материалдарын құрылысқа пайдалануға жарлық берген. Бұл мақсатта арнайы жарлықтар шығарылып, ал көне қалалар мен қорымдарды қирату ұтымды жолға қойылған болатын. «Мәскеулік үкіметтің Нижний Поволжьеңің аумағындағы татар құрылыстарына деген көзқарасы таңғаларлық жабайылық пен жеккөрушілік сипатта болды» деп жазады алғашқы «алтынордалық археологтардың» пионерлерінің бірі (*Баллод Ф. Приволжские Помпеи. М.-Пг., 1923. 20–21-б.*). Орал өзені жағалауында да бұл жайттардың кең таралғаны күмәнсіз. Әрине, мазарларды қирату барысында оның қабірі де тоналғаны анық. Осы себептен де, Г.В. Кушаев келтіретін Орал қаласының түбіндегі күрендерден табылған ортағасырлық кірпіштер мен сәндік кірпіштер осы жерден алынған (*Кушаев Г.В. Этюды древней истории степного Приуралья. Уральск, 1993. 134 б.*).

⁹Есеп: Археологические исследования некрополей Алаша-хана и Жошы-хана для последующей реставрации и музеефикации. Алматы-Караганда, 1998. Рукопись. Архив ИА.

ған¹⁰. Әдетте зияратшылар қапталдағы сыпаларда, жетекшілер орталық сыпада мінажат ететін болған. Осы бөлмені биік цилиндрлі барабаны бар күмбез ерекшелендіріп тұрғанға ұқсайды.

Мазардың марқұм жерленетін басты бөлме-жайлары «көрхана», «зияратхананың» сырт жағында орналасқан. Оның көлемі 8,8x8,8 м. Мұның бас бөлігіндегі құлпытастың астында мазардың басты екі қабірі жатыр (52-фото). Сірә, мазар тектілерге қызмет етсе керек. Көрхананың оң қапталындағы шығыс жағы негізінен рулық қауымның ересек адамдарын, ал сол жағы балаларды жерлеуге арналған (9-сур.; 50, 51-фото). Мұнда барлығы он бір қабір табылып, тазартылды. Барлық қабірлерде мазар құламай тұрған кезде Алтын Орданың Жайық жағалауындағы әлеуметтік саяси топ өкілдері жерленген деп топшылауға негіз бар.

Бұл мазар өзінің көз тартарлық сәулетімен Свистун-гора тауының жотасында орналасқан некропольде бой көтеріп тұрса, ал тау өз кезегінде Жайық өзенінің жайылған иінінде қазіргі Борлы төбешіктер ауданында, аяқ өткел болған өзен сағасында бой түзеген. Мазар ұзақ уақыт дерлік жұмыс істеп тұрды. Әсіресе оң жақтағы басты қасбетте ауыр салмаққа шыдамай құрылыстың бұрыштары қисайып, қабырғаларының жарылғаны байқалады. Сол себепті үйдің қабырғаларына қарай қосымша ағаш діңгектер орнатылып (46-фото), салмақ көбірек түсетін оң жақтағы қасбет екі ауқымды шитті контрофорстармен тірелген (9-сур., 45-фото).

Бұл мазарды архитектуралық ерекшеліктеріне қарай «Кіші мазар» тәрізді «қасбеті екі камералы мазарға» жатқызуға болады¹¹. Өйткені портал тұсынан шығып тұрған негіздер байқалмады¹². Мемориалды құрылыстардың бұл түрі бұдан бұрын Алтын Орданың Еділ бойы мен Солтүстік Кавказ аймақтарында кездеспеген болатын.

«Үлкен мазар» көрханасында табылған қабір құрылыстарының әртүрлі болуы Еуразия даласында Алтын Орда кезеңінде қалалық некропольдердің жерлеу құрылыстарының қызметін толық бейнелейді¹³. Кезінде ғалым Л.Т. Яблонский Алтын Орда қалалары (Еділ жағасы, Солтүстік Кавказ, Қырым) некропольдеріндегі қабірлеуді жіктеп, талдаған еді. Зерттеу деректерінің молдығын (500-ден астам қабір) және содан кейінгі ондаған жылдар бойы зерттеудің айтарлықтай қайта қаралмағанын ескерсек, онда осы зерттеу маңызы арта түсері сөзсіз¹⁴. Л.Т. Яблонский мол деректерді статистикалық сұрыптау жөнінде тиісті деңгейде

¹⁰Стеблюк Ю.В. Погребальные сооружения Южного Хорезма XVII-XIX вв.//Полевые исследования ХЭ в 1956-1961 гг. М., 1963. 99 б.

¹¹Маньковская Г.Ю. О типологии мемориального зодчества Средней Азии. Мавзолеи Фудины и Касби//Культура и искусство народов Средней Азии в древности и средневековье. М., 1975. 97-б.

¹²Хмельницкий С.Г. Между саманидами и монголами. Архитектура Средней Азии XI – начала XIII в. Ч. I. Берлин-Рига, 1996. 152-153-б.

¹³Қараңыз: мысалы: Егоров В.Л., Федоров-Давыдов Г.А. Исследование мечети на Водянском городище//Средневековые памятники Поволжья. М., 1976. 108-166-б.

¹⁴Яблонский Л.Т. Типы погребального обряда на мусульманских городских некрополях Золотой Орды//ВМУ. Серия IX. История. 1975. №2. 75-84-б.

сыналған «Г.А. Федоров-Давыдов әдістемесін» пайдалана отырып, жерлеу салтының 18 түрін тапты. Жайық қаласы орнындағы некропольден табылған жаңа деректер, жіктеу жүргізілген белгілерге және пайдаланылған терминдерге тоқталмастан, кейбір негізгі тұжырымдарға өзгерістер енгізеді.

Өкінішке орай, «Үлкен мазардың» ішіндегі қабірлердің сақталу деңгейі «құлпытас-тардың» болуы немесе болмауын және оның түрін анықтауға мүмкіндік бермейді (№1 және №5 орталық қабірлердің бетіндегі бүлінген мастаба ғана). Көбінесе қабір жамылғылары анықтау бейнеленген. Қабірлердің батыс жаққа қарауымен бірге, анық байқалған мынандай зират шұңқырларының басты үш түрі байқалады: 1) жай тік бұрышты шұңқыр; 2) арқалықтары бар шұңқыр; 3) лақатты шұңқыр. Зираттың ішкі құрылысы да әртүрлі. «Жай шұңқырдың табанына әдетте күйдірілген кірпіштерден сағана қаланған (№1, 5, 3, 8, 9, 10 қабірлер; 2002 ж. аршылған «Кіші мазар») көрханасындағы жалғыз қабірді де осыған жатқызуға болады¹⁵ (42, 52, 54, 58-фото).

Сағаналарды тонаған кезде олар қатты бүлінгендіктен, жамылғыларды жіктеудің сәті түспеді. Соған қарамастан мұнда да ағаш, кірпіш жамылғылар болды деген болжам бар (№6 қабір; 57-фото). Әдетте сағана ішіне ағаш табыт салынатын.

«Арқалықтар» әдетте шұңқыр табанынан 35–25 см жоғары жасалынып, қабірді жабу үшін қолданылды. Оның жәй ағаш төсеніш тәрізді болуы да мүмкін немесе баспалдақ са-тыға күйдірілген кірпіштер бірнеше қатар етіп төселген (№6 қабір). Табыт қойылған тар шұңқырға қосымша кірпіштер пайдаланылған.

Шеттері жиектелген шұңқырлардың екі варианты байқалады: 2,а – шұңқырдың екі ұзын жақтары ғана жиектелген; 2, б – шұңқырдың төрт жағы да жиектелген. Солтүстік қабырғадағы *лақаттағы баланың мүрдесі* ғана тонаушылардың назарынын тыс қалып, аман сақталған. Лақат қабырғасынан қойылған шикі кірпішпен жабылған (№4 қабір; 57-фото). Лақат табаны зират шұңқыры табанынан 7–10 см аласа келген.

Көрхананың барлық дерлік қабірлерінен тақтай табыттар табылды. Олардың арасынан көбінесе ағаш жаңқалары байқалады. Соған қарамастан ені 15–20 см тақтайлардың қиыс-тырылып жалғанғанын, ал шегелердің табыт бетін бекіту үшін қолданылғанын дәлелдейді. Мұндай қабірлерден темір шегелердің аз табылуына қарағанда (№1 қабірді есептемеген-де) тақтайлар бір-бірімен айқастырыла бекітіліп, шегелер табыттың қақпағын бекітуге ғана қолданылатын.

Сонымен, мұнда ашылған қабірлердің тым шектеулі аз болғанына қарамастан, Л.Т. Яблонский жіктеуінің басты белгілерінің бірі болып табылатын «жерлеу камерасы жо-басының» (I топ, А және Б бөлімдері; II топ, Б бөлімі) әртүрлі үлгілерін көреміз. Ғалым Алтын Орда қалаларының некропольдерінде «жерлеу салтының әртүрлілігі» жайындағы тұжырымдарын мына басты себептермен түсіндіреді: а) Алтын Орда қоғамының әлеуметтік әртектілігі; б) жерлеудің жергілікті дәстүрлі салттарының болуы; в) Алтын Орданың жеке-

¹⁵Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ахатов Г.А. Некрополь Уральского городища... 168–184-б.

леген облыстары арасында қалыптасқан өзара мәдени-экономикалық ықпалдасу мен байланыстардың болуы¹⁶. Барлық 11 табыттың 1-і ғана мазардың ішіне жерленгенін атап өткен жөн. Демек, мұнда бір жергілікті мәдени дәстүрлер ауқымында өмір сүрген бір әлеуметтік топтың, мүмкін тіпті бір отбасының өкілдері жерленген деп болжауға болады. Осы жағдайды ескерер болсақ, Л.Т. Яблонский ұсынған Алтын Орда некропольдеріндегі қабірлердің «әртүрлілігі» жайындағы талдау жеткіліксіз деп топшылауға болады.

Жалпы алып қарағанда, шартты түрде «циста»¹⁷ деп аталған (шеттері жиектелген шұңқырлар Орта Азия археологиясында шатырлары әртүрлі келген қуыс түріндегі¹⁸ немесе шұңқыр түбінде мәйітке арналған қуысы бар қабір шұңқыры деп аталады¹⁹) қабір шұңқырының түбіне қам кесектен немесе күйдірілген кірпіштен жеке адамға арналған сағаналардың²⁰ тұрғызылуы Орта Азияның ортағасырлық қалаларының мұсылман зираттарына тән дәстүр. Мәйіттердің мұндай сағанаға мұсылмандық салт бойынша қойылғандарының ең алғышқылары әдетте VIII–IX ғғ. жатқызылады және олар XIV ғ. дейін өмір сүріп келген. Бірақ қабір құрылысының аталмыш түрі Сырдың орта тұсында б.д. I мың²¹ жылдығының ортасында-ақ пайда болып тараған және түрлі варианттарда этнографиялық уақытқа дейін өмір сүріп келген деп айтуға негіз бар. Мәйіттің қабір шұңқырының түбіндегі қам кесектен қаланған жеке адамға арналған сағаналарға қойылуы XIV–XVIII ғғ. тұс қабірлер арасында кең тараған және дәстүрлі түрі болып табылады. Мысалы, мұндай қабірлер Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи ханака-кесенесінің «жамаатхана» залынан, еден астынан аршылған болатын²².

Демек, қала некропольдерінде Алтын Орда дәуірінің жерлеу ғұрпына жасалған талдау негізінде Еділ бойында²³, сондай-ақ Жайық жағасында жеке зират ішінде кірпіш сағаналар салу дәстүрі, басқа да мәдениет түрлері сияқты²⁴, Орта Азиядан әкелінді деген тұжырым негізделіп, дәлелдене түсуде.

¹⁶Яблонский Л.Т. Типы погребального обряда на мусульманских городских некрополях Золотой Орды... 83-б.

¹⁷Гудкова В.А. Ток-кала. Ташкент, 1964. 142–147-б.

¹⁸Бижанов Е., Мамбетуллаев М. Раскопки некрополя Ток-калы в 1968 г.//Антропология и культура Кердера. Ташкент, 1973. 46-б.

¹⁹Поляков С.П. Этническая история Северо-Западной Туркмении в средние века. М., 1973. 23-б.

²⁰Жекелік түсінігін, біздің ойымызша, Орта Азияның ортағасырлық қорымдарында кең қолданыс тапқан, жалғасты ұжымдық жерлеу мақсатындағы жер астындағы сағаналардан ажырату үшін енгізуіміз қажет.

²¹Смагулов Е.А. Амулетные наборы из погребений некрополя городища Коныртобе в Отрарском оазисе// ИМКУ. Вып. 32. Ташкент, 2001. 90–91-б.

²²Тұяқбаев М. Ахмет Иассауи кесенесінің «Қазандық» бөлмесінде жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары//Ахмед Иассауи университетінің хабаршысы. 1-шығырылуы, Түркістан, 1998. 92–109-б.

²³Яблонский Л.Т. Типы погребального обряда на мусульманских городских некрополях Золотой Орды... 83–84-б.

²⁴Смирнов А.П. Среднеазиатские элементы в архитектуре и строительном деле волжских


3.5. Жайық кесенелерінің архитектуралық түрлерінің пайда болуы және даму үрдісі

Кезінде Водяной қаласының (10-сур.) қасбетті күмбезді мазарын жариялап, оған талдау жасаған ғалым В.Л. Егоров мұндай құрылыс түрі Орта Азияда мәлім емес, ал оның үлгісі Алтын Орда дәуірінде Еділ жағасын жайлаған қалалардың архитектуралық дәстүріне тікелей байланысты деп атап көрсетті²⁵. Мұндай пайымдауға негіз болмайтын себебі, Орта Азияда XIV–XIX ғғ. дейінгі мемориалды құрылыстар түрлері қатарында зиратхана мен көрхананы²⁶ ажыратуға негізделген екі камералы порталды-күмбезді мазарлар түрі жақсы белгілі болды. Орта Азия мен Хорасандағы мемориалды


болгар//Средневековые памятники Поволжья. М., 1976. 3–6-б.; Ерзакович Л.Б. О южноказахстанском компоненте в материальной культуре городов Золотой Орды//По следам древних культур Казахстана. Алмата, 1970. 60–68-б.; Гражданкина Н.С., Ртвеладзе Э.В. Влияние Хорезма на керамическое производство золотоордынского города Маджары//СА. 1971, №1. 127–137-б.

²⁵Егоров В.Л. Мавзолеи Водянского городища//СА. 1980, №1. 87–88-б.

²⁶Маньковская Л.Ю. О типологии мемориального зодчества Средней Азии. Мавзолеи Фудины и Касби//Культура и искусство народов Средней Азии в древности и средневековье. М., 1979. 102-б.; Маньковская Л.Ю., Булатова В. Памятники зодчества Хорезма. Ташкент, 1978. 75-б.; Ма-



10-сурет. Водянокесенесінің жобасы



11-сурет. Абатбайтақ кесенесінің жобасы

көрсетілген бұл мемориалды құрылыстарды жақындастырып отырған нышаны – олардың екі бөлмелі болуында.

Бұл архитектуралық қалыптың тікелей бастауы Хорезм болғанын, мұнда ол дамудың барлық түрлерінен өтіп, дәстүрге айналғанын, жоба үлгісінің сан алуандыған мойындау керек. Мұның үстіне Алтын Орда құрамындағы Хорезм ислам діні тереңдеп өнген, неғұрлым дамыған облыс болғаны мәлім. XIV ғ. бірінші жартысынан бастап Хорезм астанасы Үргеніш қаласы Алтын Ордадағы басты діни орталыққа айналып, мұнда Алтын Орда мешіттері мен ханакалары үшін діни қызметкерлер даярланады. Дешті Қыпшақ өңіріне дін уағыздаушы Хорезм медресе М.А., Мурадов Р.Г. Гургандж. Архитектурный путеводитель. Стамбул, 2000. 22–24-б.; Стеблюк Ю.В. Погребальные сооружения Южного Хорезма... 100–107-б.

²⁷Хмельницкий С.Г. Между саманидами и монголами... 152-б.

құрылыстардың бұл түрін мамандар XI–XII ғғ. жатқызады²⁷.

Бірақ, XIII–XIV ғғ. дәстүрлі болған және кең тараған, екі бөлменің бір желі бойымен орналасып, бір-бірімен ортақ пошымдары мен жіктелістерімен байланысты архитектуралық формадағы екі бөлмелі кесене идеясы Алтын орда территориясының Еділ бойы бөлігінде де тұрақтануы мүмкін.

Құрылыстың бұл түрі Жайық жағасы некро-польдері мазарларынан цоколінде (іргетас үстіндегі үй қабырғасының төменгі бөлігі) төрттің үш бөлігіне тең бағана тіреуіштер орнатылған, қарсы беттік желіден шығып тұрған екі биік пилон түріндегі ауқымды арка пештагімен ерекшеленеді. Құрылыстың сыртқы бейнесінен мұндай ере-кшеліктерді көп кездестіруге болады. Бұған биік тас цокольдің болуын, полихромды декордың жұпыны екенін қосуға да болады. Зияратханасы ерекше бөлініп


миссионерлерімен бірге екі камералы мазардың архитектуралық қалпының да тарауы әбден мүмкін еді. Шатырлы күмбездері бар мазарлар құрылыс жобасы жөнінен «Жайық мазарларына» ұқсас болған. Олардың екеуі соңғы кезге дейін жақсы сақталып, Жайық қаласы орнындағы некрополь мазарларының сырт-қы бейнесін елестетуге мүмкіндік береді. Бұл тұста Ақтөбе облысындағы Абатбайтақ мазары (11-сур.) мен Челябин облысының оңтүстігіндегі, Жайық жағасында орналасқан Варна елді мекеніндегі Кесене мазары (12-1-сур.) жайында сөз болып отыр.

1889 ж. өзінде Э.А. Петри қазба жұмыстарын жүргізіп, үш қабірдің қалдықтарын, сондай-ақ оттың іздері мен жануарлардың сүйек-терін тапты. Марқұмдардың жібек-тен тігілген киімдерінің қиық-тары болды.

Сонымен қатар қабірден қызғылт түске боялған ағаш шоқпар белгілері мен сырға, моншақтар табылды (10-3, 4-сур.). Осыған қарап аталған кесенені XIII-XIV ғғ. жатқызуға болады²⁸.

Абатбайтақ мазарында қазба жұмыстары 2004 жылы²⁹ жүргізілді. Мұндағы көрханадан да қабір аршылды. Тоналған зираттардан темір шөгелермен бекітілген ағаш табыттардың қалдықтары, мата және орталық қабірде темір түйреуіш табылды.

Абатбайтақ мазарлары мен Кесенені Орал қаласының төңірегіндегі Жайық қаласының мазарларымен салыстыру олардың басты белгілерінің ұқсас екенін көрсетті. Бәрі Жайық



12-сурет. «Кесене» ескерткішінің жобасы мен шыққан олжалар (Боталов С.Г., Маламуд Г.Я. Погребальный комплекс Кесене//Уфимский археологический вестник. Вып. 3. Уфа, 2001): 1 – кесененің жалпы көрінісі; 2 – кесене жобасы; 3 – алтын сырға; 4 – күміс жүзік; 5 – қаңқа

²⁸Боталов С.Г., Маламуд Г.Я. Погребальный комплекс Кесене//Уфимский археологический сборник. Вып. 3. 2001. 162-167-б.

²⁹Қараңыз: Смагулов Е.А. Отчет по теме: «Архитектурно-археологические изыскания для мавзолея Абат-Байтақ в Актюбинской области»//Архив НИПИПМК МКИ РК.

жағасындағы XIV–XV ғғ. мазарлар ретінде белгіленген. Айталық, екі мазардың да іргетасы, Кесенеде³⁰ үш-бұрышты (кейбір басылымдарда қате айтылғандай, шаршы емес) тұстарының ұзындығы 9,3x12 м, ал Абатбайтақта 9,28x12,35 м (Иманжанов Н. өлшеген). Олар сыртқы архитектуралық бейнесі мен құрылысы жағынан да ұқсас болуы әбден мүмкін. Мазар сырт жағынан тік бұрышты болып көрінеді.

Сыртынан қарағанда кесенелер, сірә, екі күмбез (күмбездің көрханаға жетекшілік жасауымен) қойылған тікбұрышты ғимараттар («Кіші Жайық кесененің» көлемі 9x12 м (оның көлемі Абатбайтақ және Кесене мазарларымен бірдей келеді), «Үлкен кесене» көлемі 12,85x19,5 м) секілді көрінеді. Оңтүстік беттері қасбетпен әсерленген.

Жайық жағасындағы мазарлардың сыртқы көрік бейнесін жаңғыртудағы бас-ты түйін, ол, әрине, жамылғы қалқанның түрі – мұнда күмбездің басты екі түрінің қайсысы қолданылғаны: жартылай сфера пішінді әлде шатырлы ма?³¹ Бірінші жағынан Абатбайтақ пен Кесененің шатырлы мазарларының сыртқы және ішкі сәнді безендірулерін екінші жақтағы Жайық жағалауы мазарларымен салыстырсақ, Оралдағы мазарлардың жартылай сфера пішінді күмбездер болғанына көз жеткіземіз. Бірақ мұнда трапеция тәріздес әрлеу тақташаларының табылуы осында шатырлы күмбездердің де болғанын айғақтайды. Өкінішке орай, археологиялық деректер мен Свистун-гора тауындағы мазарлардың бүліну деңгейі әзірше бұл сауалға нақтылы жауап бермей отыр. Дегенмен де қазіргі қолда бар деректер Жайық жағалауына ортаазиялық құрылыс мәдениетінің ықпалы Еділ жағасындағы қалаларға немесе Оңтүстік Жайық өңіріне қарағанда анағұрлым басым болғанын мойындау үшін жеткілікті. Осы мазарлардың құрылысы Алтын Орда қалалық мәдениетінің қысқа мерзімді болғанымен, жедел қарқынмен дамуымен тұспа-тұс келді деп топшылауға болады. Өзбек хан (1313–1339 жж.) билік құрған бұл кезеңде ислам Алтын Ордада ресми түрде мемлекеттік дінге айналды³². Оның таққа отыруы үшін Хорезмнің қаһарлы аймақ бастығы Құтлұқ Темір бастаған «Хорезм партиясы» белсенді қызмет атқарып, ықпал еткені мәлім. Дәл осы кезеңнен бастап Алтын Орда құрамына енген аймақтарда миссионерлердің шектеусіз насихатының нәтижесінде ислам тым жедел әрі кеңінен тарады. Оны насихаттауға, әлбетте, Орта Азия діндарлары белсене қатысқаны аян. Кама өзенінің жағалауына дейін жете алған осындай миссионерлердің бірінің құлпытасында «кәсіби дін уағыздаушы Қажы Хусейін-бек, ұлы Омар бектің ұлы... Түркістандық» деген жазу сақталған.

³⁰Өлшемдері С.Баталова и Г.Маламудтың еңбектерінде келтірілген жобасы бойынша алынды (165-б.).

³¹Смагулов Е.А. Мавзолеи на берегу Жайыка//Кумбез. 2004, 4.03–1.04. 49–51-б.; Осы тұста Т. Төреқұловтың мазардың сыртқы бейнесін қайта қалпына келтіру туралы нұсқасын да қараңыз.

³²Алтын Орда тағында бірінші болып исламды қабылдаған Берке хан екені белгілі. Ол ата-бабаларының дінінен бас тартып, исламды XIII ғ. 40-шы жж. бас кезінде әлі хан болмай тұрып қабылдаған болатын. Сарайда хан тағына ие болған соң ол исламға мемлекеттік статус бермей тұра алмады. Алтын Ордадағы ортаазиялық исламның қандай күшке ие болғанына, Берке ханның исламға енуіне себепші болған ықпалды Кубреви суфилик орденінің ізбасары, бұхарлық шейх Шемседдин Эльбахерзи екенін айтсақ та жеткілікті.

Мамандар Алтын Орда дәуіріндегі Еділ бойы қалаларының қолөнер өндірісі Хорезмнің, бірінші кезекте Үргеніштің қолөнер дәстүрлеріне тәуелді болғанын талай рет атап көрсеткені аян³³. Сол себепті Алтын Орда қалаларының материалдық бейнесін де Хорезм және тіпті бүкіл Орта Азия қалаларына тән ортақ көрініс деп сипаттайды. Жайық жағасындағы мемориалды құрылыстардың Орта Азия ғимараттарымен генетикалық (тамырлық) байланысына қазірдің өзінде мамандар ешбір шүбә келтірмей отыр. Жайық қаласының некрополінде ашылған екі мазардың, сондай-ақ Абатбайтақ пен Кесене мазарларының архитектуралық қасбеттік екі камералы бойлық-ендік үлгісі, мамандардың пікірінше, XI–XII ғғ.³⁴ Орта Азия мен Хорасанда пайда болған. Бұл сәулет өнерінің Хорезмнен басталғанын мойындаған жөн.

³³Қараңыз: *Смирнов А.П.* Среднеазиатские элементы в архитектуре и строительном деле волжских болгар//Средневековые памятники Поволжья. М., 1976. 3–6-б.; *Ерзакович Л.Б.* О южноказахстанском компоненте в материальной культуре городов Золотой Орды//По следам древних культур Казахстана. Алма-Ата, 1970. 60–68-б.; *Гражданкина Н.С., Ртвеладзе Э.В.* Влияние Хорезма на керамическое производство золотоордынского города Маджары//СА. 1971. №1. 127–137-б.; *Федоров-Давыдов Г.А.* Культура и общественный быт золотоордынских городов. М., 1964. 9-б.

³⁴*Хмельницкий С.Г.* Между саманидами и монголами... 152-б.

4-тарау

ЖАЙЫҚ ҚАЛАСЫНЫҢ КЕРАМИКАЛАРЫ

Қазба жұмыстарынан табылған басты заттар – керамикалар. Бұлар – ылғалсыз шыңыртырланған ыдыс-аяқтар мен сауыттар, тұрмыстық және шаруашылық мақсаттарында қолданылатын бұйымдар, әрленген жұқа кірпіштер.

Ылғалсыз керамика өз кезегінде екі топқа: қызыл сазбалшықты және сұр сазбалшықты болып бөлінеді (59-фото).


Жайық қаласынан табылған барлық керамиканың 80–90%-ын оның қызыл сазбалшықты түрі құрайды. Сазбалшықтан істелген ас үйлік құмыраларды да бірнеше топқа бөлген жөн: біршама ұзын болғанымен, тар мойынды құмыра, гүл тәжі сәл сыртқа қарай шығыңқы, бұрыштары шеңберленіп біткен. Құмыра мойнының жоғары жағы бірқатар түзу әрі кең сызықтармен әрленген. Тұтқасы мен мойнының орта тұсымен сауыттың ішіне бекітілімі. Осы үлгідегі сазбалшықтан істелген құмыралар қатарына тұтқаның қарсы жағында құйма түріндегі гүлдің тәжі өрнектелген сауыттарды қосуға болады. Мұндай құмыралардың мойындары түзу сызықты немесе бұйра толқынды бұдырлы ұзын кестелермен сәнделген.

Құмыраның басқа бір түрінің сауытының көлемі орташа, мойны аласа әрі кең, гүлдің тәжі сыртқы бетіне қарай сәл иілген, тұтқасы бір шетімен гүл тәжінің ұшына немесе мойнының орта тұсына, ал екінші шетімен сауыттың біршама кеңірек иініне бекітілімі. Құмыраның түбі оның мойнына қарағанда кеңірек келген.

Құмыралар көлбеу бұйра толқынды сызықтармен, әртүрлі қиғаш өрнектермен бедерленген. Құмыра тәрізді сауыттардың тағы бір түрінің көлемі шағын, мойны аласалау әрі кең көрінеді. Ас үйлік ыдыс-аяқтар мойындары тарлау, шағын келген құмыра тәрізді әртүрлі сауыттардан тұрады. Гүл тәжі сыртына қарай имектелген де, ал ішкі жағынан оны айнала қақпақтың жиегі бедерленген. Көлбеу кішірек қана тұтқасының бас жағы гүл тәжіне, төменгі жақтары құмыраның иіндеріне бекітілген. Кеуде тұсының жоғары беті сәл қомпитылған. Оны гүлдің тәжінен түбіне дейін тартылған қиғаш сызықты өрнек қабаттары әшекейлеп көрсетеді. Жиналған заттар арасынан қимасында сәл иілген домалақтау немесе үшбұрышты гүл тәжі бар не бір тұтқалы сауыттардың үлгілерін көруге болады.

Ыдыстық керамика қатарына жоғары бөлігі сәл шығыңқы, жұмыртқа тәріздес ұзынырақ кеудесі көтеріңкі хумдар қойылған. Гүл тәжі қима тұсында ұштанып, сыртқы бетіне қарай иілген. Кейбір сауыттардың гүл тәждерінің сыртқы жиегіне қиғаш керттік түрінде немесе тараққа ұқсаған ирек тісті ою тартылған. Хумдар түзу сызықты және бұдырлы өрнектермен әшекейленген.

Шаруашылық-тұрмыстық қолданыстағы керамика (қыш) арасынан шырақ – май-шамдар – түбі жұмырлау аласа шыны аяқ (тостағанша) көзге түседі. Кейбір шырақ-майшамдардың жиегінде білтеге арналған шыны аяқ бар.



13-сурет. Сукөтергіш құрылғы – шығыар. В.А. Грошевтың реконструкциясы


Сазбалшықтан су құбырлары мен оны бекіткіштер, су көтергіштер, су көтергіш доңғалақтың көмегімен су шығарылатын жүйе үшін құмыра тәрізді сауыттар жасалған (13-сур.).

Штампталған сұр сазбалшықты сауыттар тек кесектер үйіндісінде, әрі аз мөлшерде кездесіп қалады. Бұлар негізінен өсімдік және геометриялық өрнекті сұр сазбалшықты сауыттардың үлгілері болып келеді.

Жайық қаласы орнында шыны тәріздес қаптама керамикалық бұйымдардың бетін қаптауға қолданылатын керамика түрлері Алтын Орда дәуіріндегі Еділ жағасы қалаларынан, Сарайшықтан, Пруто-Днестр өзендері сағасын, Қара теңіз жағалауын жайлаған елді мекендерден жиналған материалдардан анық байқалады¹.

Қаптама керамика (поливная). Жайық қаласы орнынан табылған бұл керамика түрі әзірше көп емес, соған қарамастан оны қазірдің өзінде сипаты жөнінен екі үлкен топқа бөлуге болады. Олар: қызыл сазбалшықты және аралас керамика тобы.

¹Кузнецова О.В. Керамика городища Жайық//Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. Вып. 1. Уральск, 2002. 219–220-б.; Михальченко С.Е. Систематизация массовой поливной керамики золотоордынских городов Поволжья//СА. 1973. №3. 118–132-б.; Федоров-Давыдов Г.А., Булатов Б.Н. Керамическая мастерская Селитренного городища//Сокровища сарматских вождей и древних городов Поволжья. М., 1968. 195–212-б.; Якобсон А.Л. Средневековый Херсонес//Материалы и исследования по археологии СССР. М.–Л., 1950. №17. Тасмагамбетов И.Н., Самашев З.С. Сарайшык. Алматы, 2001. 104–247-б.



14-сурет. Жайық қала жұртынан шыққан керамика

жасыл түс беретін мыс қоспалары мен сұрғылт реңнен көгілдір түске дейін құбылатын кобальт қолданылған. Әдетте жартылай хромды аралас керамика үш түстен: жасыл, сұр және ақ реңктерден тұрады³. Сауыттардың жоғары беті сұр-жасыл түзу сызықтармен және көк түсті дақтар-

²Кашин – табиғаты силикатты ерекше ашық түсті керамикалық қамыр, оның негізгі құрамдауыштары – құм, каолин және далалық шпат. Қараңыз: Сайко Э.В. Глазури керамики Средней Азии VIII-XII вв. Душанбе, 1963. 21-б.

³Булатов Н.М. Классификация кашинной поливной керамики золотоординских городов//СА. 1968. №4. 95-109-б.

Ал қызыл сазбалшықты қаптама керамика жылтыратқыш (глазурьлеу) сапасы жөнінен қорғасынды және қорғасынсыз болып екі топқа бөлінеді.

Қорғасынды түссіз қаптама керамика ішкі беті мөлдір қорғасынмен ақ түсте жарқырап көрінетін тостаған ізінен (қалдығынан) көрінеді. Оның өрнегі бірнеше қатарға шиыршықталып, жасыл және қоңыр түстермен боялған.

Қорғасынсыз керамика үлгілеріне ішкі және сыртқы жақтары қапталмаған карбонатты сазбалшықтан жасалған құмыра қалдықтары қойылған. Мұнда сыртқы беті ғана көгілдір ақ түспен қапталған сауыттардың іздері де байқалады.

Аралас керамика. Бұл – құм, каолин (қызыл түс) және дала шпаты араласқан силикатты айрықша ашық түсті керамикалық қоспа².

Аралас керамиканы өрнектелу тәсілі мен сипаты жағынан ашық түсіне қарай бірнеше топқа бөлуге болады. Алғашқысы – жылтыраған (глазурьлі), жартылай хромды (сарғыш түс) жазу мен жылтыр (глазурьлі) бедері бар қапталған керамика. Жартылай хромды рең үшін

мен бедерленген. Оның өрнегі қоңыр-сұр және сұр-жасыл ноқаттармен әшекейленген⁴.


Сауыттардың сыртқы бет жағында сұрғылт-жасыл сызықтармен және көк ноқаттармен бедерленген өрнектер байқалады.

Аралас керамиканың бұл түрі гүл тәждері жұқарып, ішке қарай сүйірленген қаптал-ған тостаған іздерінің белгілерінен көрінеді. Оның сыртқы бетіндегі арқа оюларының ақшыл сызықтары шашыраңқы көк ноқаттармен көмкерілген, арқа іші сұрғылт-жасыл түсті сызықтармен айшықталған. Гүл тәждерінің жиектері көк ноқаттармен әшекейленген. Ішкі беттегі ою жолақтанып тарайды. Жоғары кең белбеу «икбаль» сөзі қайталанған айшықты ірі жазбамен көмкерілген. Ішкі қуыс көк ноқаттармен боялып, жұқа сұрғылт сызықтармен қоршалған. Келесі қабатта ішкі жағында көк ноқаты бар «тотықұс көздері» қайталанған.

Басқа тостағанның түбі өсімдіктер бейнеленген оюлармен өрнектелген сияқты, ақ жолақты төрт жапырақты гүлдердің белгілері сақталыпты, ал жоғарылау ішінде бір көк ноқаты бар «тотықұс көздерімен» безендірілген белбеу тартылған.

Сонымен қатар Жайық қаласынан табылған қаптама керамика тобында шашыраңқы көк ноқаттармен боялған үш жапырақты гүлдер түріндегі бедерлі өсімдік өрнектелген тостағандардың белгілері бар. Оның суреті жасыл жұқа сызықтармен көмкерілген.

Ыдыстардың осы тобына тік, төмен мойынды, иіндері түсіңкі қыш құмыра тәрізді сауыт белгілері де жатады. Оның сыртқы және ішкі беттері қапталған. Гүл тәждің ішкі беті өрнектелмеген. Сыртқы беті жұқа көк немесе қара жолақтармен шөңберленген көгілдір ақық түсті жолақпен боялған. Төменірек үш жапырақты қызыл беде гүлі бейнеленіпті.



15-сурет. Жайық қала жұртынан шыққан сырланбаған керамиканың өрнектелуі

⁴Булатов Н.М. К вопросу о становлении ремесла в золотоордынских городах Поволжья// Вестник МГУ. 1969, №2. 47-59-б.

Мөлдір көгілдір ақ түспен қапталмаған және қара жылтырақ (глазурьлі) жазбасы бар керамика жартылай сфера пішінді қалыптағы тостаған белгілерінен көрінеді. Ыдыстың сыртқы және ішкі беті көгілдір ақ түспен қапталған. Сыртқы да, ішкі де тәждерінде қою қара түсті жолақтар болған. Сыртқы бетінде арқалық өрнек бар. Тостағанның ішкі беті бірнеше қатарда ромбыға ұқсас жапырақтар түрінде өсімдік бейнеленген өрнекпен безендірілген. Көгілдір ақшыл түспен қапталған, жылтыр әшекейлі жазбасы бар керамиканың гүл тәжі сәл ішке қарай иілген жұқа тостаған белгілерінен көрінеді. Ол нашар сақталғанымен, ақ, қызыл және алтын бояулы әшекеймен әсемделген, қызғылт қалыптағы сауыттарға ұқсайды.

Гүл тәжі сыртқы және ішкі жағынан қара түсті жолақтармен безендірілген, сыртқы жақта гүл тәжі бетінде ақ түспен араб тілінде жазылған таңба бар сияқты. Одан сәл төменірек ақ бояулы арқалық ою болған. Гүл тәжінің ішкі жағы жұқа ақ түсті сызықтармен салынған жапырақтар түріндегі медальондармен (сән үшін мойынға тағатын әшекеймен) безендірілген. Ал оның ішінде ақ түсті бірнеше ноқаттар бар сияқты.

Медальон жолақтары ортасында қызыл түспен салынған алтын ромбигі бар дөңгелектеу медальон бейнесіне ұласады. Одан кейінгі белбеу өсімдік жапырақтары мен сабақтары түріндегі оюмен өрнектелген.

Құрамына кобальт қосу арқылы түсі өзгертілген қызғылт қаптамалы жылтыраған әшекей керамикасы⁶. Ол өсімдіктермен өрнектелген, әшекейлеу үшін ашық сары, ақ және қызыл бояулар қолданылған. Гүл тәжі ішкі жағынан жұқа ақ сызықтармен салынған «бадана тәрізді» медальондармен әрленген. Оның іш жағынан ақ түсті бірнеше ноқаттар байқалады. Медальон жолақтары ортасында қызыл түспен көмкерілген алтын ромбикті дөңгелек медальон бейнесіне ұласады.

Одан төменірек арқалық өрнек ақ бояумен ойылған. Оның белбеулері бір-бірінен қызыл, ақ және қара түсті аралас сызықтармен ажыратылған. Керамиканың бұл тобына жататын тостағанның түпкі бөлігінің ішкі жағы өсімдікпен өрнектеліп, жылтыр әшекеймен айшықталған.

Шыңылтырлы әрлеу тақташалары. Олар негізінен мазарлардың қалдықтарын аршып тазарту кезінде табылды. Әрлеу тақташалары ақ-сұрғылт түсті шақпақ негізінде жасалған. Ол сұр, көгілдір, қызғылт және қара түстермен қапталған. Тақташалардың барлық түрлерінің шыңылтыры аса сапалы ақ ангобқа әйнек түстес етіліп қалың қабатпен сыланған.

Кіші мазарды аршу кезінде алты бұрышты керамикалық қаптамалы тақташалар мен жоғары бетінде бұдырлы қаптамасы бар тік бұрышты тақташалар табылды. Оған өсімдік бейнеленген әшекей таңбаланған (59, а, б, з, и фото). Сондай-ақ көк шыңылтырмен қапталған, алтынмен әшекейленген тік бұрышты тақташалар табылды. Жазба белгілері де сақталыпты.

Әрлеуге қолданылған тақташалар майдаланып үгіліп кеткендіктен әшекей өрнектерінің мінезін анықтауға мүмкіндік бермей отыр. Бірақ, тақташалар әшекейлік ленталар мен бор-

⁶Булатов Н.М. Классификация кашинной поливной керамики золотоордынских городов// СА. 1968. №4. 105-6.

дюрлар құрайтын. Бір жағынан көкшіл реңктің үстінен түйіндер салынған ақ жолақ жүргізіліп, ортасында ақ жолақтар түсініксіз шеңберлер құрайтын. Ал екінші шетінде көкшіл жолақтан ақ жолақпен бөлінген қарапайым көкшіл жолақ жүргізілген. Көкшіл реңктің үстінен тоқымалы ақ розетка салынған тақташалардың бөліктері көптеп табылды.

Екінші мазардан табылған шыңылтыры тақташалар да өртүрлі. Оны жіктегенде бірнеше топқа бөлуге болады.

Олар көгілдір қаптамамен әрленген, қалыңдығы 2,5–2,8 см. Кейбір тақташалар ұзынырақ трапеция тәріздес қалыпта жасалған, қалыңдығы 1,8–1,9 см шаршы және тік бұрышты тақташалар да бар. Олардың бірқатарының бұрыштары қарсы жақтан кертілген. Шамот (саздан жасалған, отқа төзімді) пен құм араластырылып құйылғандықтан берік болып келеді. Тұтастай күйдірілген, түсі қызғылт-қоңыр (59, б фото).

Ұсақ керамика негізінде, яғни қыштан жасалып, ашық көгілдір шыңылтырмен қапталған тақташалар бар. Бұлардың қалыңдығы 2,4–3,2 см. Суреті көгілдір және көк фонда ақ түспен салынған. Қаптама (полива) мөлдір, әйнек түстес қалың қабатпен көмкерген. Өрнектің ақ сызықтары қабаттап тартылғандықтан шыңылтыр астындағы бұл сызықтар ерекшеленіп тұрады. Ашық көк түсті кобальт қолданылған. Тақташалардың жиектері көгілдір түспен болған. Әр түсті жолақтарды бөлетін сызықтар шымқай жасыл сызықтармен айқын ажыратылған⁶. Бірнеше қалдықтардан сирек кездесетін тақташа, сірә, оның шеттерін (жиегін) қалау үшін пайдаланылған сияқты.

Кезінде араб әрпінде ірі жазуы болған тақташалардың қалдықтары табылды. Бұл тақтаның ені 40 см-ге жуық болған. Терең көкшіл кобальт фонында ақ түспен «монументті сульс» деп жазылған. Әріп сызықтарының ені 2,3–2,9 см; ол қою жасыл түспен көмкерілген.

Бұл тақташалардың қалыңдығы 2,5 см. Эпиграфиялық тақташалардың жиектерінде көгілдір түсті таңба бар. Оның қалдықтары тым шағын және аса аз болғандықтан жазбаны оқу мүмкін емес.

Екінші топқа қалыңдығы 2 см тақташалардың қалдықтары енеді. Бұлардан күрделі геометриялық өрнектері бар ленталар құрастырылған; оның ақ сызықтары қайталанып отыратын, жұлдыздай түрленетін көк түсті қалып құрайтын болған.

Зират шұңқырларының үйіндісінен алтын және жұқа ақ сызықтармен әрленіп, көк түсті шыңылтырмен қапталған екі тақташа (біреуі тұтас) табылды. Олардың көлемі 11x16 см, қалыңдығы 2 см. Медальонның ою-өрнек композициясының дәл ортасында алтын жалатылған алты жапырақты гүл бейнеленген розетка айшықталып, ал ұсақ өсімдіктер шырмауығы жұқа ақ сызықтармен көмкерілген (59, в фото). Сірә, бұл тақташалар ішкі панельдің (жалпақ тақтай) үстіне көмкерме құрастыру үшін немесе құлпытастарды әрлеу мақсатында пайдаланылса керек. Кіші мазарды аршып, тазарту кезінде табылған тақташалар да дәл осылай жасалған (59, г фото).

Өсімдіктер бейнеленген ою-өрнекті тақташалар кездесті. Сондай-ақ қабырғалар мен күмбезді қалау үшін пайдаланылған, әртекті кірпіштер мен тақташалар назар аударады.

⁶Бояуы және басқа да сипаты жағынан осы секілді сәндік тақташалар фрагменттері Жайық қаласының «кіші тұрғын-жайынан» табылды.

5-тарау

**ЖАЙЫҚ ҚАЛАСЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ
ТАРИХИ ДЕРЕКТІК ТҰРҒЫДАН****5.1. Жайық қаласы – Shakafni қаласы ма?**

Жайық қаласының орнында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде жиналған деректер мен оның үй құрылысын талдау әрекеттерін былайша қорытып, топшылауға болады. Қаланың тұрғын үйлері тік бұрышты және шаршы, шикі кірпіштерден тұрғызылған. Тұрғын-жайлар әдетте отын ретінде тандыр жағылған желілермен жылытылған. Бұдан қосымша «үлкен тұрғын-жай» мен «кіші тұрғын-жайда» күйдірілген кірпіштен қаланған тік бұрышты пештер бар. Олар әдетте шикі кірпішпен еденнен тумбаға (сүйеу-ге) қарай тартылады. Тұрғын-жайларда «П» бейнелі сыпалары, шаруашылыққа арналған бөлмелерде шұңқыр-қоймалар, сыпырынды орындары, ташнау бар.

Құрылыстың басты қабырғаларының қалыңдығы 0,70–0,80 см, кірпіш имектеліп қаланған. Қабырғалардың сақталған шағын ғана биіктігі мұнда тек шикі кірпіштер ғана қаланды ма деген сауалға түпкілікті жауап табуға мүмкіндік бермейді. Алтын Орда дәуіріндегі Еділ бойындағы қалалардың тұрғын үйлерін зерттеу кезінде «моңғол үлгісіндегі» үй құрылысы байқалды¹. Мұндай үйлер шаршы болып келеді, 50–70 см қасбеттік бөлігіне ағаш қаңқа (каркас) тұрғызылған. Бірақ мұнда ағаш жаңқалары кездеспегеніне қарап Жайық қаласының орнындағы үйлердің қабырғалары тұтастай шикі кірпіштерден қаланғанын көреміз.

Еділ жағасындағы қалалар мен Жайық қаласы орнындағы үй құрылыс мәдениетіне Хорезм мен Сырдария аймақтарының үй салу дәстүрлері шешуші ықпал еткенін көрсетеді. Жайық қаласының орнындағы тұрғын үйлер тұрғызу жоспарлары XII–XIV ғғ. Үргеніш, Отырар, Түркістан қалаларын салу жоспарына сәйкес келеді. Айырмашылық интерьердің, сыпаның, жылыту жүйесінің кейбір ерекшеліктерінен ғана байқалады, ал құрылыс техникасы мен пайдаланылған заттар бірдей дерлік. Хорезм мен Оңтүстік Қазақстан шеберлерінің синкретикалық Алтын Орда қалалық мәдениетін қалыптастыруға қатысқаны жайында зерттеушілер талай рет жазған болатын².

Сірә, Жайық қаласын зерттеуді жалғастыру барысында Сырдария өңірінің ықпалын бөліп көрсетудің, оны нақтылы сипаттаудың сәті түсіп қалар. Әзірше XIV–XV ғғ. Отырар-

¹Егоров В.Л. Жилища Нового Сарая (по материалам исследований 1959–1965 гг.)// Поволжье в средние века. М., 1970. 172, 175, 185-б.

²Греков Б., Якубовский А. Золотая Орда. Л., 1937. 127-б.; Булатов Н.М. Классификация кашинной керамики золотоординских городищ//СА. 1968, №4. 100–102-б.; Ерзакович Л.Б. О южноказахстанском компоненте в материальной культуре Золотой Орды//По следам древних культур Казахстана. Алма-Ата, 1979. 60–68-б.

дың қала құрылысы мен Жайық қаласының тұрғын үйлерінің салу жоспарларының бір-біріне аса ұқсас екеніне назар аударуға болады. Бұлар, атап айтқанда, үш бөлмені үйлестірудің анфиладты түрі, тұрғын орындардағы «П» бейнелі сыпалар, тандырлар, бөлме іштерін безендіретін ташнау және т.б.

Алайда айтарлықтай айырмашылықтар да баршылық. Жайық қаласы орнындағы тұрғын үйлер сыпаның бір жағының бойымен төселген арнайы өкі каналды клапандармен жылытылған. Оңтүстік Қазақстанда моңғолдардан кейінгі тұрғын-жайлардың «кандарын» дәл осылай атау қиындау³.

Кезінде Царевский (Жаңа Сарай) қала орнындағы үйлерді қазу нәтижелерін түйіндеген зерттеушілер тұрғын-жайларды, оны жобалау тәсілдері мен пайдаланылған құрылыс заттарына қарай жіктеуді ұсынды. Олар Жаңа Сарайдағы тұрғын үйлердің мынадай түрлерін бөліп көрсетті: ағаш қабырғалары шаршы үлгісіндегі үйлер; созылықты тік бұрышты үйлер; жер үйлер; киіз үйлер. Бұлардың алғашқы түрі басым. Осы топта үйлердің іргетасын қалау белгісі бойынша үш үлгі бөліп көрсетілген. Әсіресе «шикі сүйеуден тұрған ағаш қабырғалы шаршы үйлер» кең тараған. Ал шикі сүйеу 3–4 қатарлы кірпіш төсенішінен тұрады, сақталған биіктігі көбінесе 30–40 см. Жаңа Сарайдың тұрғын-жайлары қатарында 2-ші үлгідегі «созылықты, тік бұрышты»⁴ мекендер азырақ зерттелді.

Царевский қаласындағы тұрғын үйлер құрылыс жобасы мен тәсілдері жөнінен Жайық қаласының үй-жайларынан көп ерекшеленеді. Жайықтың үй-жайлары сыртқы қабырғаларының сипаты жөнінен Водянской (Бельджамен)⁵ қаласы орнындағы «екібетті» үй қабырғаларының құрылысына қатты ұқсайды. Олардың қабырғалары тұтастай үш қатар етіп шаршы кірпіштермен тұрғызылған. Бірақ Жайық қаласы орнының тұрғын үйлерінің ішкі құрылысы мен жобасы Алтын Орда дәуіріндегі Еділ жағасын жайлаған үй-жайлардан мүлдем басқаша көрінеді. Мұнда іргетасқа сыртқы қабырғаларымен бөлінген шаршы немесе тік бұрышты жоба негіз болған, ал ішкі жақта каркаспен (жұқа тақтаймен) жеке, әдетте екі бөлме қалқаланып қоршалған.

Жайық жағасындағы қалалардың орнында тұрғын үйлер негізінен бір бөлмеден тұрады да, ішкі жеңіл қалқа қоршау арқылы үй шаруасына арналған орындар бөлінеді. Тұрғын үй алаңының едәуір бөлігін алатын сыпалардың болуы көлбеу екі деңгейді, еден мен сыпа деңгейін құрайды. Сыпа әдетте үш қабырғаны қамтиды, оның бір жағына жылыту жүйесінің каналдары төселген. Тұрғын үйдің бұлайша салынуына осы қалаларды моңғолдардың мекендеуі, сондай-ақ көшпенділерге арналған киіз үйлердің құрылысы ықпал етсе керек⁶. Ал Жайық қаласының орнынан мұндай тұрғын үй құрылысы өзірше байқалған жоқ. Мұнда іргелі шикі

³Ахинжанов С.М. К вопросу о происхождении канов на Сырдарье//Изв. АН КазССР. Сер. обществ. 1972, №2. 64–69-б.

⁴Егоров В.Л. Жилища Нового Сарая... 175-б.

⁵Мухаммадиев А.Г. Раскопки двойного дома на Водянском городище в 1970 г.//Города Поволжья в средние века. М., 1974. 80–83-б.

⁶Егоров В.Л. Аталған еңбек. 185-б.

қабырғалармен бөлінген бірнеше бөлмелерден тұратын құрылыс түрі тарапты. Бұл үлгі Сырдария аймағында, тіпті бүкіл Орта Азияның⁷ солтүстік-шығысында дәстүрге айналған.

Сірә, тұрғын-жайлардың алдында жеңіл-желпі жұқа тақтайлардан салынған қора-қопсылар болса керек. Олар әзірше аршылған жоқ.

Жайық қаласынан табылып, зерттелген қоғамдық құрылыстар қатарында монша-хаммам аталған болатын. Монша Шығыс қалаларында құрылыстар қатарынан басты орын алды. Ол мешіттен кейінгі адамдар көп баратын орын болды. «...Монша Кавказ, бүкіл Шығыстағы сияқты қала басының, цехтық ұйымдардың, өзі үшін немесе достарына бола монша салған бай адам үшін де айрықша қамқорда болды. Өйткені монша жуынып-шайынумен қатар тынығып сергу, әл жинау, көңіл көтеру, демалу, достармен кездесіп, өңгіме-дүкен құру, сауда-саттық жайында жүздесіп, келісімге келу, шахмат немесе нардан шеберлік сынасу үшін таптырмас орын»⁸.

Моншаның орталық залы сегіз бұрышты етіп жобаланған. Оған шығыс және батыс жағынан жуынуға арналған шағын бөлмелер жалғанған. Монша еден астынан тартылған жылыту жүйесімен қыздырылатын болған, ішкі бөлмелердің едендері және сыпалардың астымен тартылған. Бүкіл құрылыстың цоколь бөлігі (іргетас үстіндегі үй қабырғасының төменгі бөлігі) жерге қарай көмілген. Жуынатын орынға су құдықтан қыш құбырларының кеңейтілген жүйесімен әкелінетін болған. Су темір қазанда қайта ысытылып, одан жуынатын бөлмеге жылы ауа келіп тұрған. Шайынды су сыртқы қабырғалардан тысқары шұңқырға құрастырылған құбырлар арқылы ағызылып тұрған. Монша бөлмелері күмбездермен қоршалып қойылған.

Жайық қаласы басқа да қала орталықтары сияқты қолөнер өндірісін шоғырландырған. Мұнда көзеші-қышшы, әйнек кесу, безендіру кәсіптерінің майталман шеберлері тұрған, мыс пен жылтыратылған әрлеу тақташалары өндірісі де дамыған. (60, 61, 62-фото)

5.2. Картографиялық материалдар

Керамикалық заттарды, некропольдің құрылыстарын алдын-ала талдау, моншалардың табылуы қала XIV ғ. өмір сүрді деп топшылауға негіз болады. Топографиялық белгілер мен аршылған нысандар бұл жерде Алтын Орда дәуіріндегі ірі қалалардың бірі болғанын дәлелдейді. Мұнда дәл осындай қаланың болғанын табиғи-географиялық жағдай да қуаттай түседі. Қаланың солтүстік-шығысында үш шақырым жерде орналасқан Борлы төбешіктер ауданында, Жайық (Орал) өзенінде болған екі өткелді адамдар Нижнемеловой және Верхнемеловой өзендерінен өту үшін пайдаланған. Тұрмыс үшін аса жайлы сулы осы өңірде ірі тұрғын мекеннің немесе қаланың болмауы мүмкін емес еді.

⁷Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отрар в XIII–XV вв. Алма-Ата, 1987. 15–100-б.; Они же. Жилище позднесредневекового Отрара XVI–XVIII вв.//Жилище народов Средней Азии. М., 1982. 121–136-б.; Ерзакович Л.Б. Жилища Отрара и некоторые этнокультурные процессы на юге Казахстана в XIII–XVIII вв.//Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата, 1983. 81-б.; Смагулов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А. Очерки истории культуры средневекового Туркестана. Алматы, 1999. 166–175-б.

⁸Орбели И.А. Бани и скоморох XII в. Памятники эпохи Руставели. Л., 1938. 159-б.

Табылған Жайық қаласы жөнінде, жақын жерде қала болғанын айғақтайтын дәлелдер XIV–XV ғғ. қатысты картографиялық материалдарда сақталған. Алтын Орданың неғұрлым кеңейтілген картасы болып итальян көпестері ағайынды Франциско мен Доменико Пицигани 1367 ж. құрастырған карта саналатыны мәлім. Онда, атап айтқанда, «Лайетидің шығысында (Каспий жағалауындағы, Еділ мен Жайық өзендері аралығындағы қала. – Авт.) сағасы бейнеленбеген Жайық өзені белгіленіп көрсетілген. Онда, теңіз жағалауынан біршама қашықтықта атауы беймәлім қала таңбаланған. Одан жоғары (солтүстікке қарай) екінші аты жоқ қала бейнеленген. Мұнаралары мен оның үстінде желбіреген тулардың суреттегі көлеміне қарағанда ол ірі экономикалық және әкімшіліктік орталық» (бөліп көрсеткен – авт.) болған⁹. Жайық өзені жағасындағы алғашқы белгісіз қала Атырау қаласынан 50 шақырым жоғары орналасқан Сарайшық қаласының орны болған деп сеніммен айта аламыз. Сарайшықтың солтүстігіне қарай Жайық өзенінің оң жақ жағалауындағы, екінші атауы жоқ қаланы Жайық қаласының орнымен салыстыруға әбден болады.

Оның атауы ағайынды Пициганилердің картасынан кейін екі жылдан соң, 1562 ж. капитан Антони Дженкинсон құрастырған әйгілі картада бейнеленген болар деген болжам бар (63-фото). Осы картаны зерттеген Б.А. Рыбаков оның негізіне мұның алдындағы 1497 ж. «бүкіл Мәскеу державасының алғашқы орыс картасы» алынғанын көрсетеді. Онда Сарайшықтың жоғары тұсына біршама кішірек әріппен, Жайық өзенінің оң жағалауында Shakaḡni атаулы қала белгіленген¹⁰. Рас, Б.А. Рыбаковтың өзі атап көрсеткеніндей, бұл Сарайшық қаласы картаның екі үлгісінде екі бөлек: «бірі Жайық өзенінің сағасында дұрыс белгіленген, екіншісі едәуір жоғары тұр». Енді «Дженкинсон картасын» көпестер Пицигани карталарымен салыстырған кезде және Жайық қаласы орнындағы зерттеулер мен ашылған жаңалықтарға сәйкес басқаша пікір айтуға болады. Мұнда, Б.А. Рыбаковтың айтқанындай, баспагерлердің техникалық қателігі емес, атаулары әртүрлі, бөлек екі қала көрсетілген.

Әзірше, Жайық қаласының орнын XV ғасырға балауға негіздер жоқ, бірақ А. Дженкинсон пайдаланған «1497 жылғы сызбада» көрсетілген картографиялық деректер бұдан да бұрынғы кезеңді, атап айтқанда, XIV ғ. мегзейді¹¹. Қалай болғанда да Орал қаласына

⁹Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII–XIV вв. М., 1985. 134-б.

¹⁰Рыбаков Б.А. Русские карты Московии XV – нач. XVI в. М., 1974. 24–25-б. Вероятно, при английской транскрипции произошло искажение названия, что характерно для подписей к карте А. Дженкинсона.

¹¹А. Дженкинсонның «прото түпнұсқасына» тағы бір архаизм ретінде Амудария өзені Каспийге құятынын есептеуге болады. Кезінде В.В. Бартольдтың көрсеткеніндей, бұл жағдайлар XIII–XV ғғ. құжаттарда расталады (Бартольд В.В. Соч. М., 1965. Т. 3. 6-б.). XVI ғ. екінші жартысында Амудария суларының Сарықамыс пен Үзбой арқылы Каспийге құюы тоқталды. А. Дженкинсонның өзі картаны сипаттауда былай деп жазады (1560 ж.): «Өткен уақыттарда ұлы өзен Оксустың (Амудария. – С.Е.) Каспий теңізінің бұл бұғазына (Қолтық?) құйғанын атай кеткен жөн... Қазір ол алыста қалған, бірақ Ардок атты басқа бір өзенге қосылады...» (Английские путешественники в Московском государстве в XV – нач. XVI вв. М., 1937. 176-б.).

тікелей жақын жерден XV–XVI ғғ. қатысты мәдени мұраларды іздеген жөн. Бұл, өрине, басқа емес, дәл сол қала. Бірақ жаңа орында қайта салынған қаланың тұрғындары бұрынғы Жайық қаласын мекендеген тұрғындар болып шығуы, оның атауы сол Шакафни болып аталуы әбден мүмкін.

-Дженкинсон картасында- белгіленген атаудың (Shakafni), П.С. Палластың деректері бойынша, қазіргі Елөк қаласынан біршама төмен, Киндала өзені Жайық өзеніне құятын тұста орналасқан ноғайлардың «Шакашин» қаласының атауымен үндес шығуы қарсы дәлел болуы мүмкін¹². Бірақ саяхатшының өз басы «өскі қаланың үйінділерінде» болмаған, ал бұл деректерді өзіне өріп жүрген қазақтардың сөздерінен көлтірген. П.С. Палластың мәліметтері XVIII ғ. ортасында алынғанымен, сірә, XVII ғ. бас көзіне қатысты болса керек. Дженкинсонның деректері XV ғ. аяғына, ағайынды Пициганилердің мәліметтері XIV ғ. орта тұсына қатысты болуы мүмкін. Егер осы деректердің бәрі де бір орындағы бір қала жайында болғанын мойындасақ, онда бір орында көм дегенде үш ғасыр бойы өмір сүрген деп топшылауға болады. Бірақ Жайық қалашығы орнының ашылуына байланысты Елөктен төменгі ноғайлық Шакашинді Жайық қаласы болған Shakafni-дің тарихи жалғасы деп тану қисынды. Сірә, осы Шакашин, дәлірек айтқанда, осы қаланың орны Г.А. Федоров-Давыдов құрастырған картада №5 деп және «Орынбор» атауымен белгіленген болса керек¹³.

Жайық қаласының орнында дәуірленген қаланың тарихы Алтын Орданың солтүстік жағалауының тарихын бейнелейді. XIII ғ. соңы мен XIV ғ. бірінші жартысы бұл мемлекеттің тарихында қалалық мәдениет барынша тұрақтанып, гүлденген жылдары ретінде сипатталады. Басып алу кезінде зардап шеккен кейбір аса маңызды сауда-экономикалық орталықтар қайта түлеп, жаңадан ондаған қалалар мен ірі өлді мекендер пайда болады. Жедел дамудың осы қысқа мерзімі негізінен Өзбек және Жәнібек хандар (1312–1357 жж.) билік құрған кезеңдерге тұспа-тұс келеді. Дәл осы кезеңде, дәлірек айтқанда, Өзбек ханның тұсында (1313–1339 жж.) ислам Алтын Ордада ресми түрде мемлекеттік дінге айналады. Мүмкін, дәл осы кезеңнен бастап Алтын Орда империясының әр түрлерінде, ислам бұдан көп бұрын тарап үлгерген Хорезмді қоспағанда, тұңғыш рет ортаазиялық тұрпаттағы исламның мемориалды-діни құрылыстары көптен пайда бола бастайды. Алтын Орда құрамына енген барлық жерде ислам жедел түрде насихатталады. XIV ғ. алғаш-қы жартысына дейін Алтын Орданы исламдандыру табысты болған жоқ деп саналып жүр. Алтын Орда тағындағы алғашқы мұсылман хан Берке болғаны аян. Ол ата-бабаларының дінінен бас тартып, хан атанардан бұрын, XIII ғ. басында исламды қабылдайды. Бірақ ол исламға мемлекеттік дәреже береді алмады. Алтын Орданы исламдандыру тарихындағы бұл жайт Берке ханның исламды Бұхара шейхы Шәмсәддин Эльбахерзиден қабылдаған оқиғасымен қызықты. Ал ол Кубревидің ықпалды суфий орденінің жақтаушылары қатарында болған. Қалай болғанда да оған ата-бабаларының дініне адал және исламға нәмісқұрайлы қара-

¹²Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи в 1768–1769 гг. СПб., 1809. Ч. 1. 406-б.

¹³Археология СССР. Степи Евразии в эпоху средневековья. М., 1996. 86-б.

ған хандар ерген болып шығады. Дегенмен кейінірек, негізінен қала тұрғындары мен әскери-феодалдық топтардың арасында исламды насихаттау өз жемісін берді.

XIV ғ. бірінші жартысында мүлдем басқаша жағдай қалыптасты. Бұған Кама өзенінің жағалауына дейін жеткен Қажы Хусейн бек секілді діндарлар қозғау салды. Бұған қоса Еділ жағасынан қолөнер шеберлерінің үлкен тобының Хорезмге көшірілгенін, сондай-ақ Алтын Орда қалаларында мұсылман елдерінен шыққан көпестердің көп болғанын ескерген жөн. Мамандар Еділ жағасындағы алтынордалық қалалардың қолөнер дәстүріне тәуелді болғанын талай рет атап көрсеткен болатын.

Осы кезеңде Алтын Орда тұрғындарының басым бөлігін құрайтын қыпшақтар жедел қарқынмен дамып жатқан қалаларда жеделдете тұрғын үйлер тұрғызып, тиесілі жерді иеленіп бастайды. Қала орнынан табылған монетаның 1330–1337 жж. Өзбек ханның атымен шығарылғаны тегін емес. Бұл хан бақсылардың әрекеттеріне тыйым салатын арнайы жарлықтар шығарып, кейбір жергілікті үстем топтардың қарулы бас көтерулерін күшпен тұншықтырады. Осы кезеңде үстем топтар мен қала тұрғындарының басым бөлігінің жаппай исламдану үрдісі болуы әбден мүмкін. Дала көшпенділері арасында мұсылман миссионерлерінің ықпалы соншалықты табысты болмағаны аталып жүр. Сонымен қатар бұл кезең «ескі» қалалар аймағы кеңейіп, жаңадан ірі мекендердің көптеп бой көтеруімен сипатталады. Бұл қалалардың бейнесін сипаттайтын ерекше белгілер Орта Азия дәстүрлеріне сай салынған мешіттер мен медреселердің, ханактар мен мазарлардың дәстүрлі мұсылмандық архитектуралық ансамбльдері болды. Сірә, дәл осы кезеңде, XIV ғ. алғашқы жартысында Жайық және Шаған өзендерінің бойында мешіттер мен мазарлардың көк күмбездері бой түзесе керек. Осындай жаңа қалалардың бірі Жайық өзені өткелінде бой көтерген қала болып, одан қалған үйінділер енді қазіргі Орал қаласы тарихының аса қызықты беттерін ашып отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ ОРНЫНА

Сонымен, зерттеулер Жайық қаласының орны Алтын Орда дәуірінде көркейген қаланың қалдықтары екенін көрсетті. Қала топографиясын талдау, тұрғын үйлерді, табылған заттардың саны мен сапасын зерттеу қаланың қалыпты жағдайда қалдырылғанын дәлелдейді. Керамикалық заттарды, табылған монеталарды талдау қала өмір сүрген кезеңді әзірше XIII ғ. аяғы мен XIV ғ. бас кезіне белгілеуге негіз болып отыр. Топографиялық белгілер мен қазылған нысандар мұнда біршама ірі қаланың болғанын қуаттайды.

Осында қаланың орын тебуін стратегиялық жағдайлар да растайды. Қала орнынан солтүстік-шығысқа қарай 3 шақырым жерде, Борлы төбешіктер ауданында, Жайық өзенінің сағасында Нижемеловой және Верхнемеловой өзендерінен өтетін екі өткел болған. Стратегиялық жағынан осыншама маңызды, әрі суы жақын аймақта Ұлы Жібек жолы жүйесіне енген ірі тұрғын мекеннің немесе қаланың болмауы мүмкін емес.

Жайық қаласы орнында қала болғанын дәлелдейтін айғақтар XIV–XV ғғ. карталарда сақталған. Әзірше, тек болжам ретінде зерттелген Жайық қаласының орнын капитан Дженкинсонның белгілі картасында көрсетілген Shakafni қаласымен сәйкестендіру мүмкін деп есептейміз. Дәл қазір қаланың бос қалуына не себеп болды – табиғи немесе сыртқы саяси оқиғалар түрткі болды ма деген сауалға нақтылы жауап табу қиын. Бұл оқиғаны Алтын Орда қалаларын қиратып талқандаған Әмір Темірдің 1391 ж. жорығымен байланыстыруға болады. Сонымен қатар қаланың табиғи-географиялық жайттердің ықпалымен күйреуі де мүмкін. Қала тұрғындарын бұл орын қанағаттандырмау себебінен де оны басқа жайлы жерге көшіруі мүмкін. Жайық жағасында бұл әдетті іс. Мұны жағалауда пайда болған қалалардың құжатталған тарихы қуаттап отыр. Орынбор мен Орал сияқты қалалар бір орында түпкілікті тұрақтанғанға дейін атауларын үш дүркін өзгерткені мәлім¹. Мұның үстіне Жайық қаласының орнын жойқын тасқын кезінде әдетте су басып қалатынын атап көрсеткен жөн.

